# SARYARQA

28 tamyz
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№31 (8195)



AISHYQ
БАС ЖОСПАР СЫНҒА ІЛІКТІ
2-бет

KÚN TÁRTIBI
АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ – ҚАРҚЫНДЫ
3-бет

QOGAM
ОЗАТТАР ШЫҢДАЛҒАН «ОҢТҮСТІК»
4-бет

RÝHANIAT
ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ
6-бет


30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

***Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!***

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биылғы жылы Қазақстан Негізгі заңның 25 жылдық мерейтойын атап өтеді. Шын мәнінде бұл тарихи оқиға болып табылады. 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция – саяси жүйе тұрақтылығының негізгі кепілі. Біздің Конституциямыз Қазақстан халқының еркін, оның «ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» ретінде елді орнықтыруға деген ұмтылысын көрсетеді. Онда әлеуметтік-экономикалық процестерді көрсететін демократиялық дамудың мызғымас іргетасы қаланған. Осы негізде бүгін біз қоғам сұраныстарын «еститін және түсінетін» мемлекет моделін қалыптастырудамыз.

Тамаша мерекеде сіздерге бейбітшілік пен жақсылық, табыс пен аманшылық тілейміз! Әрқашан болашаққа сеніміміз мол болып, Отанымыздың өркендей беруіне тілектеспіз!

Мереке құтты болсын!

**Жезқазған қаласының әкімі** — **Қ. ӘБСАТТАРОВ**

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы** — **С. МЕДЕБАЕВ**

# АТА ЗАҢ – ЕГЕМЕНДІК ТІРЕГІ

***Конституция – біздің барша табыстарымыздың бастауы. Егемен елдің құқықтық жүйесінің бастауы болған Ата заң бүгінде тұрақтылық пен татулықтың тұғырына айналды.***

Тәуелсіз республикамыз санаулы жылдарда өзара татулық, ынтымақ пен бірліктің арқасында орасан табыстарға қол жеткізіп, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет орнатып қана коймай, әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысында да достастық елдері арасында көш бастап келеді. Мұны бүкіл өркениетті елдер мойындап отыр. Еліміздің осындай өркендеу жолына түсуіне қазіргі қолданыстағы Конституцияның жасаған ықпалы өте зор. Барлық заңдардың бастауы, қайнар көзі болып саналатын Ата Заңымыздың әлеуеті әлі де мол.

Мемлекет болған соң міндетті түрде оның болмыс-бітімін, ішкі-сыртқы саясатын айқындайтын, мүдделері мен меншігін қорғайтын негізгі заңы болады.

Бүгінге дейінгі табыстарымыздың барлығы Конституцияның арқасы. Қазақстан өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін, 1993 жылы 28 қаңтарда тұңғыш Конституциясын қабылдады. Бұл – республика тарихында болған аса ерекше оқиға еді. Осы Ата Заң аясында мемлекетімізде әрбір адамның еркін, тең, азат, бақытты өмір сүруі үшін соны қамтамасыз ететін, іс-әрекеттерін, құқықтарын айқындайтын, мүдделерін, меншіктерін қорғайтын, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру үшін әр салаға қатысты көптеген заңдар қабылданды.

Өмір бір орында тұрмайды. Бәріне – уақыт төреші. Реформа тереңдеген сайын кейбір қабылданған заңдарымызды қайта өзгертуге тура келеді. Мұның барлығы Қазақстан халқының жақсы өмір сүруі үшін жасалған және алда да жалғасын табатын игілікті қадамдар.

Кейіннен, яғни бүкілхалықтық референдум арқылы 1995 жылы 30 тамызда бүгінгі Конституциямызды қабылдадық. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бұл Ата Заң елімізді қомақты табыстарға қол жеткізуге бастады.

Алғашқы қазақ хандығы құрылғанда ата-бабалар дәстүрімен қатар 1511 жылы 19-баптан тұратын Негізгі заң қабылданған. Оны қазақ «Қасымханның қасқа жолы» деп атаған. Әлі де солай аталады. 1690 жылы Тәуке хан «Жеті жарғыны» қабылдады. Осы заңдарды қазақ даласындағы алғашқы Ата Заң десек қателеспейміз.

«Жеті жарғыны» жасауға данагөй билер белсене атсалысыпты. Аты аңызға айналған атақты Төле би қайтыс болар алдында үш жүздің игі жақсыларын жинап алып: «Аттың құнын, ердің құнын, әйелдің құнын өз ақылымызша шешкен жөн» деп кеңес берген екен. «Малға салсаң баспайтын, ұрсаң шаппайтын жабы бар да, қусаң жететін, қашсаң құтқаратын желден жүйрік тұлпар бар, екі адамның басы қосылса өсек айтатын әйел бар да, бір елге ана, пана болатын әйел бар. Шешім айтқанда осылардың ара-жігін ашып, екшеп барып, құн кесулерінді өтінем»,– деп аманаттапты артта қалып бара жатқан ел ағаларына.

►►3-бетте

# ЖЕЗҚАЗҒАНДА ЖЫЛУ мен СУДАН ҚИЫНДЫҚ ТУМАУЫ ТИІС

***Қаламызға жұмыс сапарымен келген ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаровпен бірге қала тіршілігін қамтамасыз етуші Жылу энергия орталығы, «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ-ға қарасты Үйтас-Айдос жер асты су жинағышы мен гидроцехта болып, жұмыс барысымен танысты. Сондай-ақ Жошы хан кесенесі жанынан тұрғызылып жатқан тарихи-мәдени кешен құрылысы да назардан тыс қалмады.***



Мәжіліс депутаты мен қала әкімі ат басын бұрған алғашқы нысан «Kazakhmys Energy» ЖШС-ға қарасты Жезқазған жылу энергия орталығы болды. Мұндағы жұмыстың барысымен орталық директоры Мадияр Алтыбаев таныстырды.

– Орталық негізінен «Kazakhmys» тобы компанияларының кәсіпорындарын электр және жылу энергиясымен, сондай-ақ Жезқазған қаласын жылумен қамтамасыз етеді. Аймақтағы кәсіпорындар тағы 30-35 МВт электр энергиясын бізден басқа сыртқы көздерден алады. Жалпы орталықтың электр энергиясын өндіру бойынша белгіленген қуаты сағатына 252 МВт болса, бүгінде біз орта есеппен 183-190 МВт көлемінде электр энергиясын беріп отырмыз. Біздің алдымызда бірінші кезекте осы белгіленген қуатқа қол жеткізу міндеті тұр, – деген ол бүгінде орталықты жаңғырту бағдарламасы қабылданып, орындалып жатқанын жеткізді.

– 2025 жылға дейін жоспарланған ол бағдарлама бойынша жаңа қондырғыларды орнату көзделмеген, бірақ бар қондырғыларды қалпына келтіру және жаңғырту жұмыстары жоспарланып отыр. Өйткені, станса 1952 жылдан бері жұмыс істеп тұрғанын білесіздер, алпыс жылдан астам уақыт ішінде тек 2016 жылы жаңа турбина қойылды, 2018 жылы №11 қазандық толық жаңартылып, №№7, 9 қазандықтар жаңғыртудың бірінші кезеңінен өтті, – деді ЖЭО директоры.

Директордың айтуынша орталық сағатына 564 ГКал жылу энергиясын береді. Қазір мұнда 478 адам жұмыс істейді. 8 қазандық, 5 турбоагрегат бар. Орталықтың электр энергиясын өндіру бөлігі осыған дейін жамап-жасқалғанымен, түбегейлі жаңғырту көрмеген. Соған байланысты стансада жұмыс тоқтап қалған оқиғалар болып тұрады. Қазір мемлекеттік органдардың нұсқамасы бойынша штаттан тыс оқиғалар тәуекелін азайту бойынша шаралар қабылдануда.

Осы ретте қала басшысы Қайрат Әбсаттаров орталықты жаңғырту бағдарламасы тарифке қаншалықты әсер ететінін сұрады. Орталық басшысы электр энергиясы бойынша тариф тек биыл ғана өзіндік құнына теңескенін (8, 42 теңге /КВт), ал, жылу энергиясы бойынша қалаға берілетін жылу тарифі (1954 теңге/ГКал) өзіндік құнынан (2270 теңге/ГКал) әлі де төмен екенін, тек өндіріс орындарына берілетін жылу бағасы 1 ГКаллға 6 мың теңгеден асатын арнайы тариф белгіленгенін, орталық шығыны да сол арқылы жабылып отырғанын айтты.

►►3-бетте

# ДЕПУТАТ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

***ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов Жезқазған-Ұлытау аймағына келген жұмыс сапарында тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдамақ болып, онлайн форматта кездесу ұйымдастырды.***



«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәке Смағұловпен бірге өткізген онлайн кездесуде үш мәселе көтерілді. Оның алғашқысын Олег Чикмарев жолдады. Ол Ермеков пен Репин көшесіне ауызсу тарту кезінде бірқатар олқылықтардың жіберілуі салдарынан былтырғы қараша айынан бастап аталған мекенжайды су басып жатқан көрінеді. Тұрғынның шағымын назарға алған халық қалаулысы әкімдік пен жауапты мекемелерге жазбаша ұсыныс беретінін жеткізді.

Қабылдауға жазылғандардың бірі биылдан бастап тұрғын үйді басқарудың жаңа формасы, нақтырақ айтқанда ПИК-тің орнын МИБ (мүлік иелері бірлестігі) жүйесіне қатысты жұмысты ширатуды сұраса, өзін көп балалы анамын деп таныстырған Гүлнар Жарасбаева тіркеуге тұра алмай жүргенін айтып хабарласты. Оның сауалы бойынша Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева түсініктеме берді. Бес баласы бола тұра екеуі кәмелеттік жастан асқанына байланысты оған уақытша тіркеу беру мүмкін емес көрінеді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

# БАСТЫ БАҒДАР – САПАЛЫ БІЛІМ

***Бүгінде пандемияның салқынын сезінбеген сала жоқ. Білім беру ұйымдары да қауіпті дерттен сақтанудың қамына кірісіп, алдағы оқу жылына дайындықты ерте бастап кеткен еді. Төртінші тоқсанды онлайн аяқтап, соңғы қоңыраудың сыңғырын естімеген балғындар үшін 2020-2021 жаңа оқу жылы қалай басталмақ? Осы және білім саласына қатысты өзге де сауалдардың жауабын Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВТЕН білген едік.***

***– Жеңіс Едігеұлы, әңгімемізді қазір барша оқырманды алаңдатқан сұрақтан бастасақ. Жаңа оқу жылы қандай форматта өтеді?***

– 2020-2021 жылғы оқу жылында қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты тұтастай республика бойынша қашықтан оқыту жалғасын табады. Білім және ғылым министрінің шешіміне сәйкес тек бастауыш сынып оқушылары үшін кезекші сыныптар ашылды. Кезекші сыныпқа оқушыларды қабылдау ата-ананың өтініші негізінде жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда қала мектептеріндегі 1 – 4- сынып аралығындағы оқушылар саны – 7138 оқушы, соның 2962-і – кезекші сыныпта оқитын болады. 1-сыныпқа қабылданған 1755 оқушыға жаңадан 144 кезекші сынып ашылды. 2,3,4 сыныпта оқитын 1207 оқушыға ата-аналарының өтініші негізінде 58 кезекші сынып ұйымдастырылды. Кезекші сыныптағы оқушы саны 10-15 оқушыдан аспауы тиіс. Сонымен қатар, кезекші сыныптың оқушысы мен ұстазы белгіленген санитарлық нормаларды қатаң ұстануы тиіс. Кезекші сыныпқа баратын оқушы маска киюі, қолдарын антисептикпен залалсыздандырып отыруы тиіс және екі сағат сайын маскасынауыстыруға міндетті. Мектепте тамақтандыру ұйымдастырылмайды, ата-анаға мектепке кіруге тыйым салынады. Ата-ана баласын белгіленген уақытта мектепке алып келіп, сабақтан соң алып кетуі қажет. Кезекші сыныпта тек негізгі пәндер (сауат ашу, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, жаратылыстану, дүниетану) оқытылады.

Жоғары сынып оқушылары үшін қашықтан оқыту «SDOT Білімал» платформасында ұйымдастырылады. Платформада мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар және білім беру ұйымдары оқу процесіне байланысты есептер жасайды, ақпараттар алады. Ұстаздар қауымы мен оқушылар аталған платформада жұмыс істеуді толығымен меңгергенін айта кеткен жөн болар.

►►5-бетте

# «ҚАЗАҚМЫСТЫҢ» ТАРТУЫ

***қашықтан оқуды қамтамасыз ету үшін қала мектептеріне 400 ноутбук пен 85 роутер табысталды***

***Қашықтан оқу процесінде балалардың алаңсыз білім алуы үшін барынша жағдай жасалуда. Облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің тапсырмасымен «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған, Сәтбаев және Балқаш қалаларындағы мектептерге ноутбуктар мен роутерлерді сыйға тартты.***



Осыған дейін жалпы құны 190 млн теңге болатын барлығы 922 ноутбук пен 201 роутер сатып алынып, үш қалаға үлестірілді. Соның ішінде Жезқазған қаласының білім бөліміне 400 ноутбук пен 85 роутер жеткізілді.

– Пандемия жағдайында жезқазғандық оқушылар мен олардың ұстаздарына қолайлы жағдай жасап, оларға қолдау білдірген облыс әкімі Жеңіс Махмұдұлы мен «Қазақмыс» корпорациясы басшылығына айтар алғысымыз айрықша. Онлайн оқу кезінде оқушыларымыз сапалы біліммен сусындап, қарым-қабілеттерін аша түседі деп сенеміз, – деді қала әкімі Қайрат Әбсаттаров қала және қалаға қарасты ауыл мектептерінің басшыларына компьютерлер мен роутерлерді табыстап тұрып.

Бұл жабдықтар оқушылардың әлеуметтік жағдайы мен отбасындағы бала санына қарай үлестірілетін болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### Қазақстан мен Ресей коронавирусқа қарсы вакцинаны сатып алуға және қолдануға келісті

***Премьер-Министрдің орынбасары Роман Скляр басқарған делегация Ресейге жұмыс сапарымен барды.***

Ресей Үкіметі өкілдерімен кездесулерде өнеркәсіптік кооперацияның өзекті мәселелері, барлық клиникалық сынақтар өткізілген жағдайда халықты тегін және ерікті түрде иммундау үшін COVID-19 вакцинасын сатып алу және қолдану мәселелері талқыланды. Осылайша, Роман Скляр өнеркәсіптік кооперация және фарминдустрия саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша РФ өнеркәсіп және сауда министрі Денис Мантуровпен талқылау өткізді. Тараптар Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту екі мемлекеттің стратегиялық әріптестігінің сипатына толық жауап беретінін атап өтті. Кездесу барысында ірі өндірістік компаниялармен: «КАМАЗ» ЖАҚ, «Петербург трактор зауыты» АҚ, «ЕуроХим» МХК» АҚ, «Хендэ Мотор Мануфактуринг Рус» ЖШҚ және «ГАЗ» Группасымен бірлескен жобаларды іске асыру кезеңдері талқыланды.

### ЕКІ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ ЖАБЫЛАДЫ

***ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың тапсырмасымен, түрмеге қамалғандарға тиісті жағдай жасау мақсатында ағымдағы жылдың соңынан дейін орташа қауіпсіздіктегі екі түзеу мекемесі: Қостанай облысындағы Құсмұран кентінде орналасқан УК-161/4 және Шығыс Қазақстан облысындағы Шуақ кентіндегі ОВ-156/17 мекемесін жабу жоспарланған.***

– Белгілі болғандай, соңғы онжылдықта Қазақстанда түрмеге қамалғандар саны екі еседен көп азайған. Осыған байланысты, біз ең ескі, сәулет және техника жағынан ескірген абақтыларды біртіндеп жабу бойынша жұмыстарды жүргізіп жүргенімізге бірнеше жыл болды. Мысалы, былтыр төрт мекеме жабылды. Негізінен облыс орталықтарынан алыс орналасқан мекемелер жабылуда, себебі ондағы сотталушыларды жұмысқа тұрғызып, қызметкерлерді жұмысқа алу мәселелері күрделі. Үнемделген қаржы басқа пенитенциарлық мекемелерді материалдық-техникалық жағынан нығайтуға бағытталады, – деді ІІМ ҚАЖ комитеті төрағасының м.а Есқали Саламатов.

Комитеттің хабарлауынша, жабылып отырған мекемелердің қызметкерлері жұмысын ведомствоның басқа бөлімшелерінде жалғастырады. Ал ондағы сотталушыларға келетін болсақ, олар коммуналдық-техникалық жағдайы жақсы осыған ұқсас жақын мекемелерге біртіндеп көшіріледі.

Сондай-ақ, заңнама талаптарына сәйкес, мекеме басшылығы сотталушының жазасын өтеу орнына келуі жөнінде оның ең жақын туыстары немесе заңды өкілдеріне уақытылы, жазбаша үлгіде ескерту жібереді.

### 3 ҚАЗАНҒА ДЕЙІН ҚАНДАЙ БАНКНОТТАРДЫ АЙЫРБАСТАУ КЕРЕК?

***Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2020 жылдың 3 қазанында 2006 жылғы үлгідегі 2 000, 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталатынын еске салады.***

Қолма-қол ақша айналымынан алынған банкноттарды Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау тек қана Ұлттық банктің филиалдарында жүргізіледі.

2006 жылғы банкноттарды кезең-кезеңімен ауыстыру және алу 2016 жылдың қарашасында басталды. Ағымдағы жылдың 3 қазанында аталған банкноттардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін Ұлттық банктің филиалдары оларды қабылдауды және қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастауды тоқтатады. Осы күнге дейін банкноттарды еліміздің 17 қаласында орналасқан ҚР ҰБ барлық аумақтық филиалдарында айырбастауға болады, – деп атап өтті Ұлттық банктің қолма-қол ақша айналымы департаментінің директоры Жомарт Қажымұратов.

### ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ҮЗДІК МҰҒАЛІМДЕРГЕ 1 МЛН-нан АСТАМ ТЕҢГЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

***Биыл Қарағанды облысының мұғалімдері алғаш рет кәсіби мерекеге орай құрмет төс белгілері мен ірі ақшалай сыйақы алады. Бұл туралы өңір басшысы Жеңіс Қасымбек онлайн режимде өткен тамыз отырысында мәлім етті.***

– Биылғы жылы облысымыздағы мұғалім мамандығының беделін көтеру үшін «Қарағанды облысының білім беру саласының құрметті педагогі» төс белгісі жарияланды. Бұл марапат үздік педагогтарға тапсырылады. Оның иегерлеріне 400 АЕК мөлшерінде ақшалай сыйақы төленеді – бұл бір миллионнан астам теңге. Бұл марапаттың бірінші иегерлерін сіздердің кәсіби мерекелеріңіз – Мұғалімдер күніне орай анықтаймыз, – деді облыс әкімі.

Жеңіс Қасымбек мемлекет пен жергілікті атқарушы биліктің білім беру жүйесіне ерекше назар бөліп отырғандығын атап өтті. Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап педагогтардың жалақысы орта есеппен 25%-ға өсті. 70-тен 100 АЕК дейін «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы шеңберінде жас мамандарға көтерме жалақы ұлғайды. Студентердің шәкіртақысы 25%-ға ұлғайтылды.

Өңір басшысы білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту туралы баяндады. Бұл жылы мектептерді, балалар бақшасы мен колледждерді жөндеуге 16,8 млрд теңге бөлінді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда шамамен үш есе артық. Облыс қалаларында заманауи стандарттар бойынша жабдықталған мектеп оқушыларының екі жаңа сарайы ашылады.

Коронавирус індетіне байланысты қашықтан оқытуға шұғыл өтуге тура келді, педагогтер қолдаусыз қалған жоқ.

Жаңа оқу жылының қарсаңында облыстың 160 педагог ведомстволық марапатқа ие болды және 10 білім қызметкері облыс әкімінің алғыс хатын алды.

Осы жылы білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясы бүгін, 26 тамызда «Zoom» платформасында және Facebook әлеуметтік желісінде онлайн өтті. Оған он мыңнан астам адам: білім қызметкерлері, ата-аналар қоғам және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қашықтан қатысты. Кездесу «Saryarqa» телеарнасының тікелей эфирінде және YouTube-та көрсетілді.

Конференция жаңа оқу жылының ерекшеліктеріне арналды. Қатысушылар қашықтық форматында оқытуды ұйымдастыру және білім сапасын арттыру мәселелерін талқылады. Қалалық және ауылдық мектеп оқушыларына арналған жаңа білім жобалары ұсынылды.

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# БАС ЖОСПАР СЫНҒА ІЛІКТІ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, қоғам белсенділерімен кездесіп, қаланың дамуына қатысты ұсыныс, пікірлерін тыңдады.***

– Қоғам күн сайын өзгеріп келеді. Мемлекеттік басқару жүйесі де өзгеріске түсуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев басқару жүйесіне жаңа міндеттер артып, жұртшылықпен байланысқа ерекше мән беруде. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты мақсаты да сол жан-жақты дамуымыз үшін қоғамның сұранысына дер кезінде жауап беру, – деді жиынды ашқан қала басшысы.

Қайрат Бектайұлы бұл ретте қоғамдық пікір қалыптастырушы журналистер мен белсенді желі қолданушыларының рөлі айрықша екенін айтады.

– Қоғамда бар проблемалар да, жетістіктер де БАҚ-та, әлеуметтік желіде жан-жақты жарияланып жатады. Оның барлығына біз құлақ түріп, өз жұмысымызда пайдалануымыз керек. Қоғамдық пікір көшбасшылары ретінде Сіздердің әрбір ұсыныстарыңыз бізге құнды, – деген ол қаланы әрі қарай дамыту, экономикалық өсімді қамтамасыз ету, мәдени-рухани жетілу бағытында ілкімді ұсыныстар есту үшін осындай жиын шақырғанын жеткізді.

Әкімнің айтуынша, бүгінде Жезқазғанның шағын және орта бизнесті дамытуға әлеуеті жеткілікті. Бұған көршілес Сәтбаев қаласымен қатар жатуы, қос қаланың халық санының өсіп келе жатқаны, басқа да факторлар себеп бола алады.

– Журналистермен қатар жақын күндері кәсіпкерлермен, жастармен де осылай кездесіп, аймақтың экономикалық әлеуеті, бизнестің жай-күйі жайлы пікірлеспекпін. Бүгінде Жезқазғанда 95 мыңнан аста халық тұрса, Сәтбаев қаласы тұрғындарының саны 60 мыңнан асады. Бұл – үлкен нарық. Сонымен қоса, біздің аймақтың транзиттік әлеуетін де тиімді пайдалану керек, – деді қала басшысы.



Одан әрі кездесу журналистердің сұрақтары мен ұсыныстарына ұласты. «Дидар» телеарнасының продюсері Мақпал Орынбетова 91,92-орамдарға қатынайтын №11 маршруттағы автобустың кестесін Нұр-Сұлтан қаласынан пойыз келетін уақытқа сәйкестендіру, кестеден ауытқымауды қадағалау, жолаушылар тасымалдаушы компаниялардың автопаркін жаңалау туралы өтініш айтса, «Подробности» газетінің редакторы Нина Барбутько әкімдіктегі мекемелердің БАҚ-пен жұмысын жандандыруды сұрап, ресми ақпарат таратуда жылдамдық жағы жетіспей жататынын жеткізді.

Белсенді желі қолданушысы, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің оқытушысы Зәмзәгүл Қашқынбаева жастарды қолдау, жергілікті кәсіпкерлерді жұмылдырып білім гранттарын тағайындау, әлеуметтік көмек, қала сәулеті мен коммуналдық шаруашылық бағытынды ұсыныстарын ортаға салды.

Қала басшысы жолаушы тасымалдаушыларға талап болуы керектігін, сонымен бірге, сыйымдылығы жоғары, қолайлы автобустар келуі үшін қаланың жолдары тақтайдай болып қана қоймай, жолаушылар легі де кәсіпкерлердің бұл нарыққа қызығушылығын туғызатындай болуы қажет деген ойын айтты. Сонымен бірге, заманға сай технологияларды пайдаланып, қоғамдық көліктердің жүру кестесін бақылайтын арнайы қосымшалар енгізу мүмкіндігін қарастыратынын жеткізді.

Қайрат Бектайұлы қала құрылысы, жаңадан бой түзеп жатқан ғимараттарға қатысты пікірлерді тыңдай келе, қаланың бас жоспарына өзінің де көңілі толмайтынын жасырмады.

– Заманға сай қала келбеті тұрғысынан алсақ біздің бас жоспардың тұжырымдамасы дұрыс емес. Қала болған соң сәні мен сәулеті келіскен үйлер, басқа да көрікті ғимараттар болуы керек. Қойма орындарына қала ішінен жер беріліп жатқаны маған ұнамайды. Қаланың сыртында қаншама өндірістік аймақтар бар. Сол жерден неге ашпайды? Мысалы, мына Батыс айналма жолының бойында қандай ғимараттар орналасуы керек? Тұрғын жайлар ма, жоқ әлде өндірістік массив түсуі керек пе? Бұл да түсініксіз. Жезқазғанға астанадан, облыс орталығынан келген кісілердің көбі қала келбетін көріп, көңілі құлазып жатады. Неге? Өйткені, біздің балалық, жастық шағымыз осы жерде өтті. Біздің жадымызда қаланың сол кездегі жинақы, сән-сәулеті жарасқан келбеті сақталып қалған. Қазір не көріп отырмыз? Көлдің айналасы не болып жатыр? Меншік иелері, кәсіпкерлер өз ғимараттарының сыртқы келбетіне көңіл бөлуі керек. Қалаға кіреберістегі өндіріс нысандарының айналасы да сұрықсыз. Шашылып жатқан қоқыс – анау. Біз осының барлығын бірге ретке келтіруіміз керек, – деді Қайрат Бектайұлы.

Жиында «Дидар» телеарнасының басшысы Базарбай Әлеуханұлы «Қала жолдарын басқару басқармасы» коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорнының таратылуы тазалықты қамтамасыз етуге кері әсер тигізгенін айтты. Әкім ол кәсіпорынның тарауы Үкімет деңгейіндегі шешім негізінде болғанын, енді жаңа кәсіпорын құрылмаса да, нарықтық қатынастар шегінде қала тазалығын қамтамасыз етуге болатынын жеткізді.

Қала тұрғыны, қоғам белсендісі Валерий Фомин әкімдіктің баспасөз қызметі арқылы берілетін жауаптар мемлекеттік мекемелер тарапынан тиісті деңгейде әзірленбейтініне, қойылған сұрақтарға үнемі қанағаттанарлық жауап бола бермейтініне назар аудартты.

Қайрат Бектайұлы келелі кеңес құрып, ойларын ортаға салған белсенді азаматтарға алғыс білдіріп, мұндай жиындар алдағы уақытта да түрлі тақырыптарға орайластырылып ұйымдастырылатынын айтып жиынды қорытындылады.

**Дархан МҰХАН**

# САПАЛЫ ЖҰМЫС ТАЛАП ЕТІЛДІ

***Қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен коммуналдық сала мәселелеріне арналған жиын өтті. Алдыңғы аптада шаһар басшысы жылумен қамтамасыз ету, жылу маусымына дайындық жайын пысықтаса, сейсенбі күні өткен жиында ауызсумен кідіріссіз қамтамасыз ету және ауыстырылып жатқан су құбырларының жай-күйі күн тәртібіне шығарылды.***



Жиында «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ директоры Ахметулла Мырзалиевтің баяндамасы тыңдалды.

– Кеше біз Мәжіліс депутаты Арман Қожахметовпен бірге осы кәсіпорынның шаруашылық нысандарын аралап, жұмыс барысымен таныстық. Бүгін тағы кәсіпорын директорының баяндамасын тыңдап, атқарылып жатқан жұмыспен кеңінен танысамыз. Сонымен бірге, жиынға су құбырларын ауыстырумен айналысып жатқан мердігер компанияларды да шақырып отырмыз, – деді жиынды ашқан Қайрат Бектайұлы.

«ЖСЖК» АҚ директоры Ахметулла Мырзалиев қаланы ауыз сумен қамтамасыз етуде қиындық жоқ емесін, Үйтас-Айдос жер асты су көзінен тартылған құбырдың ақауы қиындық туғызып отырғанын айтты.

– Жыл сайын аталған құбырдың 2,6 шақырымы жаңартылып келеді. Қазір бізге су кеп тұрған құбыр апатты жағдайда. 15 қыркүйекте аталған құбырмен су беруді тоқтатып, ақауларды жөндеуге кірісеміз. Оған екі аптадай уақыт кетеді. Қалаға осы уақыт ішінде су толықтай Кеңгір су қоймасынан беріледі. Кеңгірден қосымша құбыр тартылып болды, енді оны шаю, дайындау жұмысы жүріп жатыр. Жөндеу аяқталған соң Кеңгірден тартылған екінші құбыр қайтадан резервке қойылады, – деді ол.

Кәсіпорын басшысы сондай-ақ, Үйтас-Айдос су жинағышында құбырдан бөлек, сорғылардың да жөнделіп жатқанын атап өтті. Айтуынша, ауыз сумен қамтамасыз етуден қиындық болмайды.

Жиында «ЖСЖК» АҚ директорына журналистер, қоғам белсенділері қазігі уақытта қалыптасып отырған ахуал, жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзіміне қатысты сұрақтар қойды. Бұл ретте 91, 92-орамдардағы жөндеу жұмыстарына қатысты сын мен шағым көптігін атап өткен жөн.

Мәселен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы мониторинг тобының мүшесі Ринат Бикаев Марғұлан көшесінде тартылып жатқан жаңа жылу құбырының сапасына күмән келтірді. «ЖСЖК» АҚ мердігерден жұмысты қабылдап алмас бұрын өткізген гидравликалық сынау кезінде де құбыр бойынан ақаулар анықталған. Кәсіпорын басшысы аталған құбыр әлі мердігерден қабылданып алынбағанын, жұмыс сапасы толық тексеріліп, олқылықтар жойылатынын жеткізді.

Журналист Мақпал Орынбетова да кәсіпорынның суық су, ыстық сумен қамту, қызмет көрсетілмеген уақытта коммуналдық төлемдерді шегеру жұмысына сын айтып, жұмысшы мамандар қысқарып жатқан жоқ па деп қауіптенетінін де жасырмады. Кәсіпорын басшысы бүгінде еңбекті ұйымдастыру, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану бойынша нақты шешімдер қабылданып жатқанын жеткізді. Жылу, су берілмеген күндер үшін төлемдерді шегеру де автоматты түрде жүзеге асатындай жағдай жасалмақ.

Сондай-ақ, батыс ауданда салынған жаңа үйлердің жылу желісіне қосылуына байланысты да 91,92-орамдарды жылумен қамтуда қиындық туындап отырғанын айтады.

«Подробности» газетінің бас редакторы Нина Барбутько ауыз су толықтай Кеңгір қоймасынан берілген жағдайдағы су сапасына алаңдаушылық білдірді. Оның ойынша, ашық су қоймасының айналасына да соңғы жылдары түрлі нысандар салынып, санитарлық тазалық жағы ақсап тұр.

Жиынды қорытындылаған қала басшысы биыл қысқа дайындыққа ерекше мән беріліп отырғанын, жылу беру маусымы қалада 10 қазанда басталатынын айта келе, мұндай форматтағы жиындар тағы жалғасын табатынын, қордаланған мәселелерді тек ашық талқылау арқылы ғана шешуге ниетті екенін және қай мекемеден болмасын сапалы жұмыс талап ететінін жеткізді.

**Өз тілшіміз**

## ӘКІМ САҒАТЫ

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

***Қала жұртшылығы сәрсенбі сайын онлайн форматта өтетін «Әкім сағатын» асыға күтеді. Өздерін толғандырған мәселелерге әкім назарын аудартуға мүмкіндік алған жезқазғандықтарға бұл жолы «Инстаграм» желісінде қала тізгінін жаңадан алған Қайрат Әбсаттаров жауап берді.***

Интернет байласының нашарлығынан туған техникалық ақауларға қарамастан бұл онлайн кездесу бір артықшылығымен көзге түсті. Ол – тікелей эфирге барлық мемлекеттік мекеме басшыларының қатысуы.

Қала басшысы тікелей эфир кезінде қаузалған қала көшелері мен демалыс орындарды қоқыстан тазарту, қалаішілік жолдарды қалыпқа келтіру, қоғамдық көліктің жүру кестесін ретке келтіру, бетінен қақпағы кеткен құдықтарды жабу, көшелер мен аулаларды жарықтандыру мәселелерінен хабардар екенін айтты. Сондай-ақ, оларды шешу жолында нақты шаралар қабылданатынына сендірді. Мысалы, Қайрат Бектайұлы келесі 2021 жылы қаладағы автокөлік жолдарының жағдайын жақсартуға бел буыпты. Одан бөлек көп жылдан бері ауыз су, жылу, жол, қоғамдық көлік мәселесі шешімін таппай тұрған 5-аудан тұрғындарының да жанайқайы қала басшысының құлағына жетіпті. Өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға жол ашатын Жезқазған-Қызылорда бағытындағы тас жолдың жөнделуін де республика деңгейінде шешуге атсалысатынын білдірді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «Әкім сағатына» өздері жетекшілік ететін бөлімнің ресми парақшаларынан кірген басшылар өз саласы бойынша желі қолданушыларының сұрақтарына жауап берді. Қалалық білім бөлімі мен тұрғын үй инспекциясы бөлімдері аккаунтарының белсенділігін атап өту керек. Мысалы, Кеңгір аулына балабақша қажет деген желі оқырманына: «Қарағанды облысы әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясы арасындағы меморандумға сәйкес 2021-2023 жылдары аралығында Кеңгір солында 140 орындық балабақша салу жоспарлануда» деп жауап берген zhezgoroo парақшасы жыры бітпеген Байқоңыров көшесінде жаңа балабақшаның құрылысы биыл аяқталатынын жазды. Сонымен қатар, білім бөліміндегілер жалпы оқумен қамту қорынан берілетін қаржылай көмек пен қашықтан оқыту турасында да түсініктеме берді. Ғарышкерлер көшесіндегі 13 үйдің қасбетін сылап, әдемілеп беруді сұраған тұрғынға Алиса Сүтбаева: «Кондоминиум нысандары тұрғындар қаражаты есебінен жөнделуі қажет», – деп жауап беріп, көпқабатты үйді «Тұрғын үй қорын жаңғырту» бағдарламасы аясында жөндеуге болатынын жеткізді.

«Әкім есебіне» қатысқан желі қолданушылары Қайрат Әбсаттаровтың жұмысына сәттілік тілеп, мүмкіндігінше тұрғындармен аптасына бір рет емес 2-3 мәрте байланысқа шығып отыруды сұрады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ҚАЛА ҚОҚЫСТАН ТАЗАРАДЫ

***Әкімдікте сейсенбі күні өткен аппараттық жиында шаһар басшысы Қайрат Әбсаттаров коммуналдық қызметтерге осындай тапсырма жүктеді.***



Қаладағы рұқсат етілмеген қоқыс орындары мен тұрмыстық, тұрмыстық емес қалдықтарды шығару туралы баяндама жасаған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автокөлік жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің бас маманы Бауыржан Жаңабаев 2018 жылдан бері қала айналасындағы рұқсат етілмеген қоқыс орындары космомониторинг жүйесі арқылы анықталып келе жатқанын, бүгінде 112 осындай орын анықталғанын, оның 8-і Жезқазған қаласының аумағында, қалғаны Ұлытау ауданы аумағында екенін айтты.

– Қала ішіндегі 3 осындай қоқыс орны бүгінде тазартылды. Тұрмыстық емес қалдықтарды шығарумен «Жар-2013» ЖШС мердігер ұйымы айналысады, – деді ол.

Оның айтуынша, рұқсат етілмеген жерлерге төгілген қоқысты шығару үшін оның көлемін есептеп, бюджеттік өтінім беру жұмыстары жүріп жатыр. Қазір бөлім ондай қоқыс орындарын орналасу аймағы, көлеміне қарай жеті бөлікке бөліп тазарту жоспарланып отыр.

Қала басшысы баяндама жасаған бөлімге бірқатар нақты тапсырма берді.

– Қоқысты шығарудан бөлек, қаладағы контейнерлердің де жағдайы мәз емес. Барлығы тозып тұр. Оларды қалай жаңартасыздар? Сол жөнінде ұсыныс енгізіңіздер. Одан кейін, қоқыс шығарумен айналысатын кәсіпорынмен абоненттердің 60 пайызы ғана келісім шартқа отырған. Міне, осы абоненттік базаны толықтыруларыңыз қажет, – деді Қайрат Бектайұлы.

Бөлімнің бас маманы сонымен бірге, жарықтандыру жөнінде де баяндады.

– Жалпы Жезқазған қаласы бойынша 6535 шам бар. Оның ішінде 5537-сі көше шамдары болса, алаңдар мен саябақтарда 998 шам бар. Биыл аулаларды жарықтандыруға барлығы 56 млн теңге, саябақтар мен скверлерді жарықтандыруға 13,5 млн теңге бөлінген. Биыл «Жұмыспен қамту жол картасы» жобасы аясында жарықтандыру жұмысы жалғасуда, – деді ол.

Осы ретте қала басшысы рұқсат етілмеген жерлерге қоқыс тастайтындарды бақылау, әкімшілік жауапқа тарту бойынша жұмыстарды тапсырды. Жергілікті полиция қызметі жыл басынан бері 602 азаматқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 505-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырған. Әкім мұны аз деп отыр.

– Қалада 600 емес, 6000 хаттамаға жүк боларлықтай қоқыс шашылып жатыр. Сондықтан, осы бағыттағы жұмысты ширату керек, – деді Қайрат Бектайұлы.

Бүгінде «Сәт Тазалық» мекемесінде 7 техника бар. Оның бесеуі қала ішіндегі қоқыс контейнерлеріне бекітілген, қалған 2 көлік жеке массивтегі қоқысты тасумен айналысады. Әкім бұл мекеменің жұмысына да сын айтты.

– Сіздердің берген есептеріңіз бір басқа да, қаладағы нақты ахуал бір басқа. Күніне маған әлеуметтік желі арқылы қаланың әр ауданында аузы-мұрнынан шығып жатқан контейнерлердің суреттері келіп жатыр. Сондықтан, қалай жинайсыз, оны өзіңіз білесіз, бірақ, мына шашылып жатқан қоқысты қоқыс алаңдарынан алып кетесіздер. Егер оған шамаларыңыз келмесе, айтыңыздар. Басқа компаниялармен жұмыс істейміз, – деді қала басшысы.

Жиында сонымен бірге, бизнес субъектілерінің санитарлық тазалықты сақтау жұмысы жөнінде кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысы К.Смағұлов, пәтер иелері кооперативтерінің жұмысы жөнінде тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысы А.Сағымбаева, үйлерге су жеткізу және апаттық жағдайларды жою жөнінде «ЖСЖК» АҚ бастығы А.Мырзалиев, қоқыс шашатындарды жазалау шаралары жөнінде жергілікті полиция қызметінің бастығы Қ.Әтенов, мекеме басшыларының әлеуметтік желідегі шағымдарға уақытылы және сапалы жауап беруі жөнінде қала әкімінің баспасөз хатшысы Г.Сағындықованың баяндамалары тыңдалды.

**Жомарт ТАЙМАС**

(Соңы. Басы 1-бетте).



Бүгінгі Коституциямыздың басқа Конституциялардан артықшылығы – ең бірінші, мемлекет ретінде жеке адамға аса құрметпен қарайтындығында. «Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бірінші бапта жазылған. Үшінші бапта «Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы – халық» дейді.

Ел заңды, өз құқықтарын білу үшін заман талабына сай шығарылып жатқан заңдарды мұқият әрі зерделей тұрып оқуы керек. Өз құқықтық білімдерін үнемі жетілдіріп, басшылыққа алып отыру қажет. Сонда ғана заңсыздықтардан зардап шекпейді,

# АТА ЗАҢ – ЕГЕМЕНДІК ТІРЕГІ

өзінің құқықтары мен бостандықтарын кез келген орында қорғай алады. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деп Мұхтар Әуезов өте орынды айтқан.

Кейде заңды білмегендіктен батыл әрекет жасамай, жалтақтап отыратын адамдар да кездеседі. Заңды белінен басатындар да бар. Біз адамның алаңсыз еңбек етуіне кедергі келтіретіндердің заңға сыйыспайтын әрекеттеріне шектеу қоямыз. Ал, еңбек етемін дегендерге заңда берілген еркіндік өте мол.

Ата Заң адамның табиғи құқықтарын мойындап, негізгі конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бекітіп, оларды қорғау механизімімен қамтамасыз етті. Республика Конституциясымен құқықтар мен бостандықтарды қорғайтын екі маңызды тәсілі бекітілді. Ол сот арқылы және әкімшілік жауапкершілік арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматы болсын немесе басқа елден келген қонақ болсын мейлі, біздің еліміз адамға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін әрқашан қызмет атқарады. Сондықтан, елімізде адамның бостандығы олардың жасаған әрекеттері тек заңға қайшы келгенде ғана, Қазақстан заңнамасына сәйкес, сот арқылы шектеу қойылмақ. Өйткені, біздің Заңның ең бірінші міндеті – адам өмірін сақтау және оның құқығы мен бостандығына нұқсан келтірмеу. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Ата Заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек.

Айта кетейік, Тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген Негізгі Заң да осы – жиырма бес жыл бұрын қабылданған Конституция. Қазір келтіріліп жүрген ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға 3 млн 345 мың адам қатысыпты. Жұртшылық тарапынан сарапталған 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның бір мың бір жүзі Конституция жобасына енгізілген. Бұл жөнінде Елбасы «Қазақстандық жол» атты кітабында:

«1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда Конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогрессшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі Заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек» деген болатын.

Шынымен де бүгінгі Ата Заңымыздың басты ерекшелігі қандай? Ең алдымен бұл – Елбасы ұсынысымен енгізілген төрт ұстанымға, біріншіден – қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, екіншіден – экономикалық даму, үшіншіден – қазақстандық патриотизм, төртіншіден – маңызды мәселелерге референдум жасау және Парламентте дауыс беру арқылы шешу принциптерімен негіздейді. Ата Заңымыздың бірінші бабына енгізілген осы төрт мәселе арқылы Қазақстанның жан-жақты дамуына жол ашылған.

Қалай десек те, Ата Заңымыз егемен еліміздің дамуына даңғыл жол салып, елдің бетке алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып, демократиялық жолмен даму бағытын айқындап, нәтижесінде бүгінгі жеткен жетістіктеріміздің баршасы Ата Заңымыздың тиімділігінің арқасы екеніне көз жетіп отыр. Оның ішінде құқықтық мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда және азаматтардың санасында түпкілікті бекітіліп, өз жемісін беруде.

Бүгінгі мереке күні біздің саяси, мәдени, рухани және экономикалық дамуымыздың қайнар көзі ретінде танылған Конституциямыздың өміршеңдігі ұзағынан сүйіндіргей дейміз.

**Жанболат ШОРТАНБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық сотының төрағасы**

# ЖЕЗҚАЗҒАНДА ЖЫЛУ МЕН СУДАН ҚИЫНДЫҚ ТУМАУЫ ТИІС

(Соңы. Басы 1-бетте).



Жылу энергия орталығының жұмысымен танысу барысында қала басшысы Қайрат Әбсаттаров тек құрылғы, қондырғыларды жаңалаумен шектелмей, заманға сай технологияларды қолдануға, сапа менеджментіне, еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін стандарттарға мән беруге, халықаралық стандарттарға сай болуға тырысу керектігіне назар аудартты.

Үйтас-Айдос су жинағышында болған қала әкімі Қайрат Әбсаттаров пен Мәжіліс депутаты Арман Қожахметовке су жинағыштың жұмыс процесі, құбырлардың жай-күйі баяндалды. Жезқазған қаласы ауызсудың 60 пайызын Кеңгір су қоймасынан алса, қалған 40 пайызы осы Үйтас-Айдос көзінен тартылған жер асты суымен қамтамасыз етілетіні белгілі. Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны басшылығының айтуынша, қазір су жинағыштан бір насос қана су айдайды. Екінші насосты қосуға қалаға тартылған су құбырларының жағдайы мүмкіндік бермейді. Алайда, құбыр бойындағы ақаулар жойылса, осы бір насоспен-ақ қалаға баратын жер асты суының мөлшерін қалпына келтіруге болатын көрінеді. Қазір осы ақаулардың кесірінен судың шығыны 10 пайызды құрап отыр. Енді сол ақауларды жою жоспарланып отыр. Жөндеу жүріп жатқан уақытта қалада су тапшылығы болмауы үшін Кеңгір су қоймасынан гидроцехке екінші су құбыры тартылып жатыр. Кәсіпорын басшылығы Үйтас-Айдостан қалаға келетін құбыр бойындағы ақауларды жоюға екі апта уақыт жеткілікті екенін айтады.

Кәсіпорын басшысы Ахметулла Мырзалиев бес жылдық жоспар жасалып, су құбырларымен қатар кәсіпорын, гидроцех ғимараттарын жаңғырту жоспарланып отырғанын жеткізді. Ал, қаланы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін Үйтас-Айдостан жылына 2,6 шақырым жаңа құбыр тартылып жатқанын, жұмыс қарқыны мен көлемі артатын болса, қалаға берілетін жер асты суының мөлшерін ұлғайтуға мүмкіндік туатын көрінеді.




Одан әрі әкім мен депутат қаланы ауызсумен қамтамасыз етудегі негізгі құрылым гидроцехте болып, суды тазалау, сапасын тексеру процестерімен, Кеңгір су қоймасынан тартылып жатқан қосымша құбырдың жайымен танысты.

Гидроцехқа Кеңгір су қоймасынан 124 мың текше метр су келеді. Ол су цехта залалсыздандырылып, бірнеше рет хлорлау сатысы мен фильтрлерден өтіп, Үйтас-Айдостан келген таза сумен араластырылады. Содан кейін насос стансасына жіберіліп, ол жерден қалаға жіберіледі. Судың сапасы мен тазалау процесі үнемі зертханалық бақылауда, сондай-ақ, санитарлық қызмет те үнемі су сапасын қадағалап отыратын көрінеді. Цех мамандарының айтуынша, болашақта Кеңгір су қоймасынан келетін су көлемінің артуы бұл процестердің мерзімі мен жұмыс сапасына кері әсер етпейді.

**Дархан МҰХАН**

ОНЛАЙН БРИФИНГ

# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШАҒЫМ КӨП

***Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Амангали Мұхамбедин әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шығып, жезқазғандықтардың мұң-мұқтажын тыңдады, сұрақтарына жауап берді.***



Қала әкімінің экономикалық мәселелерге жауапты орынбасарына «Интстаграм» желісі қолданушыларынан түрлі сұрақтар келіп түсті. Олардың басым көпшілігі әдеттегідей тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөліміне тиесілі. Мәселен, «Әділет» ғимараты маңына қоғамдық көлік тоқтайтын аялдама орнату, Анарқұлов көшесіндегі 14-үйдің ауласына балалар алаңын салу ұсыныстарын тыңдап, оларды қарастыруға сөз берген Амангали Әбдіхалықұлына апатты деп танылып, биыл сүрілген Жеңіс көшесіндегі 11-үйдің орны қандай мақсатта қолданылатыны сұралды.

– Жеңіс көшесіндегі 11-үйдің орнына тұрғын үй немесе бизнес нысанын салу туралы айту әзірге ерте. Арнайы комиссия құрылып, жер бедерін толық зерттейді. Ертең апатты үйдің тағдыры қайталбас үшін асығыстық жасап, құрылыс жоспарламаймыз, – деп жауап қайтарған ол жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алудың ретін де жіті түсіндіріп берді.

Бекболатсай елді мекеніне кәріз жүйесін тарту, Жезқазған – Қызылорда бағытындағы тас жолды жөндеу, Майлин көшесін жарықтандыру, 6 ықшам аудандағы ашық құдықтарды жабу мәселелерін көтерген желі қолданушылары күн сайын қымбаттайтын азық-түлік бағасын қадағалауды өтінді. ПИК төрағалары өзіне жүктелген міндеттерді орындамайтынына шағым айтшылардың да қатары көп болды. Осы ретте, тұрғындардың өз құқықтарын білуге асықпайтыны көрініп қалады. Неге десеңіздер, ПИК жұмысына әкімдік араласа алмайды. ПИК-ті көп қабатты тұрғын үйдегі пәтер иелері өз қалауы бойынша таңдайды. Ұсынылған қызметтер мен олардың сапасы ұнамаған жағдайда мәселені ПИК төрағасы мен тұрғындар өзара шешуі тиіс. Бұны жауапты мамандар әр кездесуде қайталап айтқанмен, тұрғындардың естігісі жоқ.

Суық, ыстық судың жоқтығына, көше мен аулалардың тазалығына наразы жезқазғандықтардың да өтінішін түртіп алып, оған жауапты мекеме жауабын беретініне сендірген Амангали Мұхамбединнің жұмысына оң баға беріп, алғыс білдірген оқырмандар да табылды.

# АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ – ҚАРҚЫНДЫ



***ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов Жезқазған қаласында жаңадан салынып жатқан 3 көпқабатты тұрғын үйдің және 200 орындық инфекциялық аурухананың құрылысымен танысты.***

Биыл Жезқазғанда Алашахан даңғылының аяқ жағынан 3 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталған болатын. Алашахан даңғылы 34 «Е», «И», «К» мекенжайында бой көтеретін ол үйлерді «Самға» ЖШС және «Астана-Көктем С» ЖШС компаниялары салып жатыр. Қазір құрылысқа қажет барлық рұқсат құжаттары алынып, жұмыс басталып кеткен.

Алашахан даңғылы 34 «И» мекен жайынан салынып жатқан 30 пәтерлі арендалық тұрғын үй биыл жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Бұл үйдің құрылысына облыстық бюджеттен 153 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 153 млн. теңге бөлінді.

«Самға» ЖШС салып жатқан Алашахан даңғылындағы 34 «К» үйі 2021 жылдың бірінші тоқсанында пайдалунаға беріледі. Мұнда екі және үш бөлмелі 60 пәтер болады. Олардың ауданы – 54,4-80,4 шаршы метрдің аралығында.

2022 жылдың желтоқсанында өз тұрғындарына есігін айқара ашады деп жоспарланған Алашахан даңғылы 34 «Е» мекенжайындағы келесі үй көп құрылымды келбетімен ерекшеленеді. 4, 5, 6, 7 қабатты бөліктерден тұратын бұл үй 90 пәтерлік болып салынбақшы. Ауданы 41,2, 57,5 және 67,7 шаршы метр болатын 1 және 3 бөлмелі пәтерлерден тұратын тұрғын үйдің құрылысына биыл республикадан 175,0 млн теңге бөлінді.

Мәжіліс депутаты сонымен бірге «BI Group» компаниясы салып жатқан 200 орындық инфекциялық аурухана құрылысымен де танысты. Жалпы аумағы 6 мың шаршы метрден асатын құрылыс алаңында қазір жұмыс қызу жүріп жатыр. Төрт блоктан тұратын аурухана инфекциялық ауруларды емдеуге бейімделген, әр блоктың кірер, шығар есіктері бөлек жобаланған. Қажетті құрал-жабдықтар мен құрылыс материалдары жеткізілген.

«BI Group» компаниясы құрылыс аяқталған соң мұнда КТ-рентген, қажетті жабдықтар мен компьютер техникаларын әкелмек. Сондай-ақ, компанияның жоба жетекшісі Әсет Ибраев гемодиализге су дайындау жүйесі мен әр палатаға оттегі каналдары орнатылатынын айтады.

Бұл – типтік жобадағы аурухана. Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында да осындай ауруханалар салдық. Мына нысанның айырмашылығы медицина қызметкерлеріне демалыс орындары қарастырылған. Құрылыс мерзімі 60 күн, қазанның соңында пайдалануға беру жоспарланған. Күн райы жақсы болса мерзімнен бұрын аяқтауымыз да мүмкін. Қазір аурухана аумағын абаттандыруға дайындық жасап, отырғызатын ағаш түрлерін таңдау үшін қаладағы дендрологтармен жұмыс істеп жатырмыз, - дейді ол.

Қазір нысанда 300 адам жұмыс істеуде. Осы аптада сыртқы жылу, су, кәріз желілері тартыла бастайды. Құрылыс жұмыстарына жергілікті мамандар тартылып, қажетті жабдық, материалдардың да едәуір бөлігі жергілікті нарықтан алынуда.

**Жомарт ТАЙМАС**

# КЕЗЕКШІ СЫНЫПТАР ЖАСАҚТАЛДЫ

***Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова «Инстаграм» әлеумметтік желісінде тікелей эфирге шығып, қала тұрғындарына әлеуметтік саладағы ахуалды баяндады.***

17 тамыздан бастап жеңілдетілген карантиннің әлі сақталуы тиіс маска тағу, көпшілік жиындар өткізбеу, әлеуметтік ара қашықтықты сақтау, антисептик қолдану сынды талаптарды желі қолданушыларының есіне салған Зина Жұманазарқызы 2020-2021 оқу жылы қашықтан оқумен басталатынын мәлім етті.

– Жезқазған қаласының білім бөліміне қарасты 20 мектепте бүгінгі таңда 1198 мұғалім еңбек етіп, 14 мыңнан аса оқушы білім алуда. Ауыл мектептерінде 561 оқушы бар. Биыл 1-сыныпқа қабылданғандардың саны – 1790. Ұстаздардың барлығы қашықтан оқыту курстарына қатысып, сертификатқа ие болған. Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жаңа оқу жылын қашықтан бастағалы отырмыз. Дегенмен, 1 – 4 сынып оқушылары үшін кезекші сыныптар ұйымдастырылды. 15 оқушыдан аспайтын кезекші сыныптарда оқыту ата-ананың өтініші негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда кезекші сыныпқа 3192 оқушы қабылданды, – деген әкім орынбасары желі қолданушыларының сұрақтарына кезек берді.

Оқырман жолдаған алғашқы сұрақ бала-бақшалардағы кезекші топтарға қатысты болды. Бұған дейін қаланың үш бала-бақшасында кезекші сыныптар ашылса, 24 тамыздан бастап олардың саны жетеуге жетпек. Сонымен қатар, бес жекеменшік балабақшада кезекші сыныптар өз жұмысын бастамақ.Ал, қалған жеті мемлекеттік балабақша жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарына байланысты әлі балаларды қабылдай алмайды. Тікелей эфир барысында мұғалімдердің медициналық тексеруден өтуі, көп балалы, жалғыз басты аналар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қарастырылған мемлекеттік қолдауларға қатысты сұрақтар да қойылды.



Әлеуметтік салаға жетекшілік ететініне қарамастан қала басшысының орынбасарына желі қолданушылары коммуналдық салаға тиесілі жолдардың жөндеуі, жарықтандыру мен ыстық судың жоқтығы, №1 бағыттағы автобустың қатынауы, ПИК жұмысына шағым айтқандар да болды. Өзінің құзырына жатпайтын сұрақтарды жауапты бөлімдерге жолдайтынын жеткізген Зина Жұманазарқызы бұндай форматтағы онлайн кездесулер апта сайын ұйымдастырылатынын айтты.

**Бота ШАЛҚАР**

АЛТЫН ОРДА – 750

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
# ТАРИХТЫ ТАНУДАН БАСТАЛАДЫ

***«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің ұйытқы болуымен бірқатар игі іс-шаралар атқарылып жатқаны белгілі. Солардың бірі – «Төрт босаға» басқару жүйесіне қатысты ұйымдастырылған іс-шаралар тізбегі. Аталған шара туралы кеңінен білмек мақсатта «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген БҮКІРОВТІ сөзге тарттық.***



***– Төлеген аға, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлесітігіне 2013 жылдан бері жетекшілік етіп келесіз. Содан бері біраз шаруаның басын қайырып, әр түрлі мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырдыңыздар. Соларды шолып өтсеңіз.***

– Менің мамандығым – металлург. Жастық шағым тұтастай осы салаға арналды. Өндіріс ошағында еңбек еткен жігіттің бойында батылдықпен бірге айрықша ерік-жігер мен қайсарлық қоса қалыптасады. Бала күнімнен ел аузындағы аңыз-әңгімелерге құмартып өстім. Мына сендер – бақытты ұрпақсыңдар. Себебі, не істеймін, қайда оқимын десеңдер де өз еріктеріңде. Адам баласы ұлты мен ата-анасын таңдамайды. Қалғанының бәрі өзінің қолында. Біздің жастық шағымыз кеңестік кезеңмен тұспа-тұс келді. Біздің буынға тарихымызды тұншықтырып түсіндірді. Шынайы тарихтан ада болдық. Бүгінгі құрмет тұтатын ұлыларымыздың барлығын жабайы, есерсоқ, білімсіз, надан ретінде көрсетті. Шыңғыс хан, Жошы ханды қатыгез, адамзат өркениетінің дұшпандары ретінде таныдық. Осыған ұқсас әңгімелер қозғаған ұстаздарыммен институт қабырғасында жүргенде жиі сөз таластырып қалатынбыз. Мәдениетке, өнерге, әдебиетке бай асыл ұлтымыздың тарихын қараңғылап, болашығымызды бұлыңғыр етіп көрсететін қолдан жасалған тарихты мойындағым келмеді. Кейіннен, тәубе, еркін егемендікке қолымыз жетіп, Тәуелсіз ел атанған соң тарихымыз түгенделе бастады. Етек-жеңімізді жинап, түп-тамырымызды білдік. Десе де, тасада қалып кеткен елге еңбегі сіңген ерен азаматтар әлі де жетерлік. Жас кезімізде Жезқазғандағы үш музейдің ашылуына себепкер болған және оларға басшылық жасаған ағам Сүтемген Бүкіровтің үйінде көп жүретінмін. Сол ағамның арқасында талай зиялы қауым өкілдерімен дәмдес, дастарқандас болдым. Сондай кездерде олардың тарихқа тұжырым жасап, кеңестік жүйенің ұлт тарихына жасаған қастығына кіжініп отыратын сәттеріне мен де куә болдым. Содан болар әрдайым тарихқа құмар болып өстім. Көп жұрт біле бермейтін бізге беймәлім тұлғалар мен оқиғаларды жаңғыртып, өзгелерге ұсынғым келді. Сол мақсатпен осынау қоғамдық бірлестікке басшы болып тағайындалдым. Алдыңғы буын ағалар мен замандастардың ақылы мен қолдауының арқасында түрлі конференциялар, тарихи-танымдық бағдарламалар ұйымдастырылды. Ғарышкерлер бульварының төрінен Кетбұқа бабамызға арнап еңселі ескерткіш орнаттық. Расында адам баласы әрдайым білуге құштар болуы керек және сол көргені мен білгендерінен өзгелердің хабардар болуына да ықпал еткені абзал.

***– Ауқымды іс-шараға негіз болып отырған «Төрт босаға» басқару жүйесі туралы айтсаңыз.***

– «Төрт босаға» басқару жүйесі тек Жезқазған-Ұлытау аймағындағы Найман руы, оның ішінде Бағаналы жұртымен ғана байланысты ұғым емес. Ол – тұтас ұлт боп ғұмыр кешуіміздің бөлінбес бір тармағы іспетті. «Төрт босаға» дегеніміз – төрт би. Олар – көпке белгілі аға сұлтан Ерденнің әкесі Сандыбай, Қадір би, Шегір би және Бабыр би. Ел ішінде қандай да бір дау-жанжал орын ала қалса осынау төрт би қара қылды қақ жарар әділ шешім шығарып отырған. «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен ұйымдастырылып отырған осынау шара үш бөлімнен тұрды. Шараға корпорация 19 млн теңге қаржы бөлді. Оның бірінші бөлімі – «Ұлытауым – ұлы дала киесі» атты халықаралық жазба ақындар мүшайрасы. Екіншісі – Алтын Орданың 750 жылдығы аясында өткізілген «Қазақ жеріндегі саяси-құқықтық мемлекеттердің қалыптасу тарихы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция және үшіншісі – «Төрт босаға» басқару жүйесі туралы жазылған «Аманат» кітабының шығуы. «Аманат» роман жанрында жазылды. Оны Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, бірнеше жыр жинақтары мен тарихи, публицистикалық кітаптардың авторы Батырбек Мырзабеков жазып шықты. Ол кісі бұрындары жоғарыда есімі аталған билер туралы түрлі зерттеу еңбектерін, поэмалар жазған болатын. Десе де, Кәдір би туралы мәлімет өте аз болды. Ол туралы мағлұматтарды іздестіріп жүріп, 80-нен асқан шөпшегі Сейтжан ағаның Аралтөбе ауылында тұратынын білдік. Сөйтіп, әлгі кісінің жақындарымен хабарласып, Аралтөбеде тұратын қарияны мен, Батырбек және ақын Ғазиз Ештанаев – үшеуміз іздеп бардық. Сол жерде ол кісінің бар есінде қалған, білген-естіген әңгімелерін жазып алдық. Осылай әр түрлі деректер көзімен таныстық. Батырбек Мырзабеков бұл романды бір жылдан аса уақыт ішінде жазып шықты. Кітап күні бүгін ғана қолымызға тиді. Сіздер алғашқы оқырмандарының бірі болып отырсыздар. «Аманат» Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласындағы «Кәусар» баспасынан 2000 данамен басылып шықты. Бұл шығармада Сандыбай батыр Төлекұлы, Кәдір би Түрікпенбайұлы, Шегір Шалабайұлы, Бабыр би Бөкеншіұлы мен Ерден батыр Сандыбайұлы сияқты тарихи тұлғалардың өмір жолдары мен ерлік оқиғалары туралы баяндалады. 100 кітап Нұр-Сұлтан қаласындағы кітапханаларға табысталды. 100-і Ұлытау ауданына жөнелтілді. Басты мақсатымыз – бұл кітапты еліміздің барлық кітапханаларына жеткізу.

***– «Ұлытауым – ұлы дала киесі» атты ақындар мүшайрасы туралы білсек.***

– Мүшайраға сонау Моңғолияда тұратын қандас бауырымыздың қатысуға ниет білдіргені көңіл қуантады. Еліміздің түпкір-түпкірінен жалпы саны 69 жазба ақын қатысқан мүшайра өте тартысты өтті. Мүшайраға жіберілген ақындардың шығармалары арнайы реттік сандармен белгіленді. Сол арқылы қазылар алқасы тек өлеңді ғана оқыды. Олардың аты-жөні шешім шығарылғаннан кейін ғана белгілі болды. Қазылар алқасының құрамында менен бөлек тағы танымал ақын-жазушылар Төкен Әлжантегі, Мұса Тілеуов, Сара Смағұл және Базарбай Әлеуханұлы болды. Мүшайраның Бас жүлдесі бір миллион теңге көпке белгілі ақын жерлесіміз Кенжебай Ахметовке бұйырды. I орын мен 800000 теңгелік сертификат жезқазғандық Ғазиз Ештанаевтың, II орын мен 600000 теңгелік сертификат Нұр-Сұлтандық Дәулеткерей Кәпұлының, III орын жаңаарқалық Болат Асановтың қанжығасына байланды.

Жүлделі орындарға өлеңдері өрнекті тағы келесі бір ақындар тобына арнайы жүлделер табыс етілді. Сандыбай батыр атындағы Арнайы жүлде өскемендік Қуанбай Әскерханға, Кәдір би атындағы жүлде қарағандылық Салтанат Смағұлтегіне, Шегір би атындағы жүлде Нұр-Сұлтандық Ахмер Біржанға, Бабыр би атындағы жүлде қарағандылық Айзада Рахымжановаға және Ерден аға сұлтан атындағы жүлде Нұр-Сұлтандық Иманғазы Нұрахметұлына берілді. Оларға 150000 теңгелік сертификаттар табысталмақ.

Сонымен қатар, ынталандыру сыйлықтары мен 100000 теңгелік сертификатты ақтөбелік ақын Нұрмұханбет Дияров, Нұр-Сұлтандық Мирас Асан, семейлік Олжас Қасым иеленді.

Мүшайра қоржынына келіп түскен өлеңдер қатарында байқау талаптарына сай келмейтін өлеңдерде болды. Осы тұста ақындарға жанашырлық танытып, қолдау көрсеткен «Қазақмыс» корпорациясының «Кәсіп Қорған» кәсіподағы мен «Jastar Bolashaq» жастар одағына алғысымызды білдіреміз. Байқауға Моңғолиядан қатысқан ақын Сұраған Рахметұлына «Кәсіп Қорған» кәсіподағы және жас ақындар Жәнібек Әлиманов, Мұқағали Сейтқазы және Абай Оразға «Jastar Bolashaq» Жастар одағының сыйлықтары бар.

***– Алтын Орданың 750 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қазақ жеріндегі саяси-құқықтық мемлекеттердің қалыптасу тарихы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияға қатысуға өтініш білдірген ғалымдар саны да аз болмаған іспетті...***

– Иә, расында да еліміздің «Менмін» деген ғалымдарынан түрлі тақырыптардағы баяндамалар келіп түсті. Олардың қатарында ғылым профессорлары мен академиктері, сондай-ақ жас ғалымдар бар. Бүгінгі таңда мақалалар іріктеліп, жинақ болып басылуға жіберілді. Конференцияға барлығы 37 ғылыми мақала келіп түсті. Ақындардың өлеңдері мен ғылыми мақалалар да кітап болып басылып шығады. Конференция бойынша зерттеу жұмысы үздік деп танылған 7 ғалымға 100000 теңгелік сертификаттар табысталады.

Жалпы бұл іс-шаралардың қорытынды салтанатты жиыны қыркүйек 4-іне жоспарланған болатын. Сол үшін С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының көрермендер залы дайындалды. Атақты ақындар мен қаламгерлерді қонақ ретінде шақыру да жоспарланған еді. Өкінішке орай, карантинге байланысты бұл шара кейінге қалдырылып отыр. Неде болса қыркүйектің ортасына дейін жағдайға бақылау жасай тұрғанды жөн көрдік.

***– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет. Ісіңізге сәттілік тілеймін.***

**Сұхбаттасқан**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




30 ТАМЫЗ – ШАХТЕР КҮНІ



# ОЗАТТАР ШЫҢДАЛҒАН «ОҢТҮСТІК»

***«Оңтүстік» Жезқазған кеніші «Қазақмыс» корпорациясының мысты өңірдегі ірі кен өндіру ошағының бірі болып саналады. Кеніш тарихы тереңге салған бұрғыдай жарты ғасырдан асатын екі дәуірге тән кезеңді қамтиды.***
***Әуелде сонау 1965 жылы 3-ші және 44 пен 45-шахталардан тұратын кәсіпорын жылына 2,8 млн тонна кен өндіреді деген жоба бойынша іске қосылған болатын. Арада он жыл өткенде 65-шахта сияқты алып өндірістің бой көтеруі кеніштің жылдық кен өндіру көлемін 5,5 млн тоннаға дейін ұлғайтты.***
***Ал, 1984 жылы жаңадан салынған 67-ші шахта қатарға қосылды.***
***Құрамында №№ 45,65 және 67-шахталары бар кеніш осы кейінгі онжылдықта шарықтау белесіне жетіп, жылына 8,1 млн тоннаға дейін қырқаға кен шығарғаны бар. Негізінде орта есеппен жылына 6 млн тонна кен өндіру мүмкіндігін кемітпей келеді. Міне, осындай алыптардың аршынды қадамымен тыныстаған «Оңтүстік» кенішіне биыл 55 жыл толуы өндірісті өңірдегі елеулі оқиға десек болады.***

Жемісті жылдар жеңісті еңбекке толы болды. Уақыт легімен осы кезеңде кеншілердің қаншама буыны алмасқанымен ізгі дәстүр жалғасып келеді. «Оңтүстік кеніші — озаттар мекені» деген қанатты сөз бекер емес. Бұл жерде еңбек етушілер қатарынан мемлекеттік жоғары марапатқа ие болушылар аз шыққан жоқ. Орденділер шоғырын да осы ұжымның саңлақтары бастаған еді. «Кенші даңқы» белгісімен марапатталғандардың өзі қырықтан асып жығылады. Кешегі өткен заманда омырауына «Алтын жұлдыз» тағып, Социалистік Еңбек Ері атанған Әубәкір Құсайынов, Қазымхан Кентаев және Демберген Баймағанбетов сынды өрендер де осы кеніштің мақтанышы болғантын. Аға буын қалыптастырған өнегелі жол бүгінгі күндері де жарқын жалғасын табуда. Сондай-ақ, көпшілік арасында «Оңтүстік – кадрлар ұстаханасы» деген теңеу де жиі айтылады. Бұл да негізі бар сөз. Кеніштің бір учаскесін басқарған маманның кез келген шахтаның немесе кеніштің басшысы боларлық тәжірибе жинақтап, істі дөңгелетіп кеткені туралы мысал көп. Есімдері елге таныс білікті мамандар көші кеніштің алғашқы директоры Рүстем Дәуітовтен басталады. Содан бергі кезеңнің өзінде ірі-ірі кен өндірісінің ондаған тұлғалары осы «Оңтүстікте» қалыптасып, қанат қақты. Қайролла Қанафин, ағайынды Руслан мен Александр Юн, Талғат Мағзұмов, Махмұт Әліпбергенов, Амангелді Миниғұлов, Рысдәулет Есімов, Жанболат Бөрібаев, Саят Бәкіров және басқа да көптеген азаматтар осы кеніш директорлығынан өсіп шыққан болатын. Менің бір білетінім, кезінде бас шахта аталатын 65-те жерасты кен ұстасы болып еңбек жолын бастаған Талғат Аханов №67-шахтада учаске бастығы, шахтаның бас инженері, «Оңтүстік» кенішінің бас инженері болып шыңдалған соң «Анненск» кенішінің директоры болды. Кейін «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік бірлестігінің бас директорлығына дейін көтерілді. Соңғы жылдарда «Қазақмыс» корпорациясы кен басқармасының директоры ретінде жемісті қызметін жалғастыруда.

Кенді өңірде кеніштің жаңа деңгейге көтерген Руслан Юн туралы бүгінге дейін жақсы лебіздер көп айтылады. Ол еңбек жолын қатардағы кеншіліктен бастап, өзінің білімі мен тәжірибесінің арқасында үлкен басшылыққа дейін өскен ұстамы мықты азамат. «Оңтүстік Жезқазған» кенішінің директоры болып тұрған кезінде өндірісті жаңа техникалармен жарақтандыруға айтарлықтай көңіл бөлетін. Жер астында кен өндіруге қатысты көптеген жаңалықтар енгізді. Забойдағы жағдайдан бастап материалды-техникалық, энергетикалық және қаржылық ахуалдың бұрынғы кеңестік жүйеден арылып, жаңаша жолға қойылуына орай көп еңбек сіңірді. Еңбек пен жалақы мәселесіне қатысты да қатаң тәртіп орнатты. Нарық талабына сай өнімді еңбек еткен бригадалар мен кеншілердің еңбекақысының табысына сай болуын қамтамасыз етіп, кеншілердің зор құрметіне бөленді. «Қазақмыс» корпорациясы құрылған кезде басқарма төрағасы қызметіне тағайындалған Руслан Борисович әлемдік озық тәжірибелерге сүйене отырып, өндірістік бірлестік құрамындағы негізгі 4 жерасты кеніштерінде және 2 ашық карьерде, сондай-ақ байыту фабрикалары мен мыс қорыту зауытында да еңбеккерлерге нарықтық қатынастарға сай жаңаша еңбекақы төлеу жүйесінің енгізілуіне тікелей ықпал жасады. «Тұрмыс көңілді болса еңбек өнімді болады» деген қанатты сөзді қаперінен шығармаған ол ауыр еңбекте жүрген жандардың сапалы тамақтануына, еңбек жағдайларының қауіпсіз әрі қолайлы болуына үнемі бақылау жасап отыратын. Осы дәстүр кейінгі уақытта да жақсы жалғасын тауып, заман талабына сай жетілдіріле түсуде.

ОЖК «Қазақмыс» корпорациясының тау-кен кәсіпорындары арасындағы ерекше орны бар көшбасшы ұжым. Корпорацияға табыс әкеліп жатқан кеннің 30%-ы осы кеніште өндіріледі. Бүгінде 1200 адам еңбек ететін ұйымшыл ұжымда мықты кен инженерлері шоғырланып, тәжірибелі мамандар көптеп қалыптасқан. Ежелгі дәстүрге сай бүгінде кеншілердің жаңа буыны өсіп-жетілді. Мәселен, рельс горизонтының бастығы, «Еңбек даңқының» барлық үш дәрежесінің кавалері Болат Ермаханов табан аудармай осы кеніште еңбек еткеніне 40 жыл болады. Отыз жыл бұрын жас маман ретінде жұмысқа кірген Марина Шаубекова қазірде жастарға тәлім беретін тәжірибелі жандардың бірі. Бас механик Ермек Құмарбеков, бас энергетик Еркебұлан Нұрмұхамбетов, ПВС бөлімшесінің бастығы Ербол Мырзабеков, УВР бастығы Жандос Бөлегенов, өндірістік бөлім бастығы Данияр Жаналинов, кеніштің бас инженері Елдос Бабыров өрімдей жас жігіттер болғанымен өндірістің біршама жолдарынан өткен өз істерінің кәнігі мамандары. Мұндағы еңбек әулеттерінің есімдері де құрметпен аталады. Отарбаевтар, Дәуітбаевтар, Мусиндер, Ерубаевтар, Өксібаевтар отбасының бірнеше мүшелері осында орнығып, озат кеншілер көшін бастауда. Олардың бірі бұрғылаушы, енді бірі проходкашы болса, электровоз машинисі болып жүргендері де бар. Барлығының мақсаты бір. Олар кен өндіру жолындағы өз міндеттерін мүлтіксіз, абыроймен атқаруға бір кісідей жұмылған.

Биыл «Оңтүстік Жезқазған» кеніші айтарлықтай жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуде. Жыл басынан бері тау-кен жұмыстарының жоспары 122%-ға, металл бойынша 111%-ға орындалды. Көш бастаған іргелі ұжым 55 жылдық белестерін лайықты тартулармен қарсы алып отыр. Кеніш құрамындағы №65 және 45-ші алып шахталар толассыз кен өндіруді қамтамасыз етуде. Жер астында өңкей қуатты техникалар пайдаланылуда. Кеншілермен қатар маркшейдерлер, геологтар, сала инженерлері бірлесіп ортақ істе ырғақты еңбек үлгісін танытып келеді. Кеніштің кен қорын қалыптастыру мақсатында геологиялық барлау жұмыстары қоса-қабат жүргізілуде. Корпорация өндірісті жаңарту бағдарламасы аясында геологиялық барлауға арналған жаңа станокпен қамтамасыз етіпті. Әлі де барланбаған жаңа кен көздері баршылық. Соларды есепке алған кезде кеніштің өндірістік ғұмыры тағы да жарты ғасырдан асып жығыларына мамандар толық сенімді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА



***Жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, елді мекендерді абаттандыру, инфрақұрылымды дамыту, білім беру мен мәдениет нысандарын қалыпқа келтіруді көздеген мемлекеттік «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Жезқазған қаласында 38 жоба қолға алынды. Нәтижесінде 1099 жұмыс орны құрылып, оның 550-і жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелгендерге арналды. Бүгінде 419 жұмыссыз жезқазғандық жұмысқа орналастырылды. Солардың бірі – Ермұрат МЕРЗАМЕТОВ.***

## *550 жезқазғандықты жұмыспен қамтымақ*

– Отбасылымын. Төрт баламды бағып-қағып, оқыту – мақсатым. Сол үшін еңбек етіп жүрген жайым бар. Карантин кім-кімге болмасын, оңай соқпады. Тұрақты табысынан айрылғандардың қатарында өзім де бармын. Жұмыспен қамту орталығына барып, жұмыссыз қалғанымды айтқаным сол-ақ еді, бос жұмыс орындарын ұсынды. Осылайша, «Металлург» стадионындағы күрделі жөндеуге кіріскен жұмысшылар қатарына алындым, – деген Ермұрат Мерзахметов «Эвер» ЖШС-нда мамырдан бастап еңбек етіп жүр. Аталған мердігер стадионның алаңы мен жүгіру жолағын түгелімен жаңартып жатыр. Бүгінде 7700 шаршы метрді құрайтын футбол алаңына жасанды шөп төсеп үлгерген 18 жұмысшы ұзындығы 400 метр, ені 6 метр болатын жүгіру жолағын жаңалауда. Аптасына алты күн сегіз сағаттан еңбек етіп, сол үшін айма-ай қолға 85 мың теңге көлемінде айлық алып жатқан жұмысшылардың 9-ы – жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа тартылғандар.

– Қарапайым жұмыскер болсам-дағы туған жеріме пайдам тиіп жатқанын сеземін. Мақтанамын. Ертең бұл жерде еліміздің атын шығарар болашақ чемпиондар жаттығады, – деген Ермұрат Мерзаметов жұмыссыздық қысқан пандемия кезінде «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы ел азаматтарына мол мүмкіндік ұсынғанын жасырмады.

Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығының мәліметіне сүйенсек, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жұмысқа тартылғандардың 165-і – жастар. Қашықтан оқуға көшіп, бос жүрмей еңбекке араласқандардың арасында **Әділет ОМАР** да бар.

– №13 орта мектептің түлегімін. Қазір – Қарағанды мемлекеттік техникалық univертиетінің 4 курс студентімін. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты наурызда оқуымызды онлайн форматқа көшіріп, бізді үйді-үйімізге жіберді. Содан бері Жезқазғандамын. Сессияны тапсырып біткен бойда жұмысқа тұрайын деп жұмыспен қамту орталығын бетке алдым, – деген Әділет 28 мамырдан бастап «Жаңа Құрылыс – 2012» ЖШС қарамағында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеуге жұмылдырылған. Қыркүйек айында нысанды тапсыруға бекінген жұмысшылар бүгін көрме залымен, музей есіктерін ауыстырып, шатырды жөндеді. Енді музей мен көрме залы ғимараты алдындағы төсеме мен жиектерді жаңалап жатыр.

Жас та болса қара жұмыстан қашпаған Әділет үш айдың ішінде ер азаматқа күнделікті өмірде қажет балта мен балға ұстауды үйренген. Сонымен қатар, бойында ұжымға сіңісу, тіл табысу, ортақ жетістікке жету жолында күш біріктіру қасиеттерін дамытқан. «Көпті үйретіп, ширатқан Ойрат ағамызға алғыс» деген Әділет Омар болашаққа мол тәжірибемен, соңғы оқу жылына жинаған айлығымен аяқ баспақ.

Естеріңізге сала кетсек, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында қабылданған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биыл ел аумағында жүзеге асырылып жатқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында республика бойынша 255 мың жұмыс орны құрылмақ. Бүгінде жол картасына кірген 6,5 мың жобаның 5,3 мыңы басталып, 103 мың жұмыс орны ашылған.



**Бота ШАЛҚАР**

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

# БАСТЫ БАҒДАР – САПАЛЫ БІЛІМ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

***– Түсінікті. Ал, үйінде компьютері, интернет желісі жоқ отбасылардың балалары қайтпек? Шалғайда орналасқан ауылдарда интернет байланысы нашар екенін де білеміз.***

– Шынында, бұндай мәселелер болды. Дегенмен, олар шешімін тапты. Қаладағы интернеттің жылдамдығын 10 Мбит/сек болса, №2, 6, 14 ауылдық мектептер орналасқан Кеңгір, Талап ауыдық округтерінде – 4 Мбит/сек жоғары. Ал, Малшыбай ауылының №15 мектебінде интернеттің жылдамдығы небәрі 2 Мбит/сек. Сондықтан, малшыбайлық 41 оқушы мектепке барып, дәстүрлі түрде оқитын болады.

Қашықтан оқуға смартфоны немесе компьютері жоқ оқушылардың да жағдайы ойластырылды. Мектеп әкімшілігі қашықтан оқу кезеңінде компьютерлік құрылғысы жоқ 407 оқушыға уақытша пайдалану үшін компьютер берді. Интернет байланысын орнатуға шамасы жоқ ата-аналардың оқушыларына роутер сатып алуды да қолға алдық. Мемлекеттік сатып алудың қорытындысы 27 тамызда белгілі болады. Тегін интернеті бар роутерлерді құрылған комиссия мүшелерінің шешімі бойынша мұқтаж отбасы балаларына үлестірілетін болады.

***– Баланы қалам-дәптермен қамтамасыз етіп, киіндіру бірталай қаржыны қажет етеді. Мұндай мүмкіндігі жоқ отбасыларға жалпы оқумен қамту қорынан қандай көмек бар?***

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету қарастырылған.

Жезқазған қаласы мектептерінде жоғарыда аталған санатқа енетін 1496 оқушы бар. Биыл оларға 25 мың теңге көлемінде көмек көрсету жоспарланып отыр. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізіліп жатыр. Оның қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған кәсіпкер қолдауды қажет ететін әр оқушыны мектептің құрал-жабдығымен және спорт киімімен жабдықтайды. Мектеп жабдықтарына 5 мың теңге, спорт киіміне 20 мың теңге жұмсау жоспарланып отыр. Рюкзак, күнделік, қарындаш, пенал, сурет салатын альбом, қаламдар, пластилин, акварельді бояу, сызғыш және өшіргіш сынды құрал-жабдықтар 1 қыркүйекке дейін таратылса, спорт киімі қыркүйек-қазан айларында беріледі. Қазір әр мектеп тізімді нақтылап, баланың киім өлшемідерін алып жатыр.

***–Республикалық «Мектепке жол» акциясы да ата-ана ауыртпашылығын жеңілдетуге септесетін еді. Биыл бұл акция жүргізіліп жатқан жоқ па?***



– «Мектепке жол» республикалық акциясы ертеректе шілде мен қыркүйек айлары аралығында өтіп тұрса, 2019 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы сәйкес жыл бойы жүргізіліп келеді. ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Менің Атамекенім» қоғамдық ұйымы арасында жасалған келісімнің негізінде atamekenim.kz порталы іске қосылды. Онда әр мұқтаж ата-ана тіркеліп, өзіне қажетті көмек түрін көрсету үшін өтініш білдіреді. Бүгінде порталға 120 жезқазғандық ата-ана тіркелген.

Биыл «Жүректен – жүрекке!» ұранымен жүргізіліп жатқан акция аясында қала мектептерінің қамқоршылық кеңестерінің мүшелері мен басшылары 580 отбасына көмек беруді жоспарлап отыр. Жомарт жандар мен қала кәсіпкерлерін тарту арқылы шамамен 1 млн 978 мың теңгеге мектепке қажетті құрал-жабдық пен мектеп формасы, спорт киімдері алынады деп күтілуде.

***– Білім ошақтарын жөндеу, материалдық-техникалық базасын нығайту мәселесі қандай жағдайда болмасын күн тәртібінен түспейтіні анық. Биыл осы бағытта қандай шаруалар атқарылғанына қысқаша тоқтала кетсеңіз.***

– Ел болашағы саналатын жас ұрпаққа сапалы білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан, жыл сайын мектептерді жаңалап, заманауи техникалармен жабдықтауға қомақты қаржы бөлінеді. Биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде білім бөліміне қарасты үш нысанды жөндеуден өткізуге 206 млн теңгеден аса қаржы қарастырылды. Бұл қаражат №14 «Балдырған» балабақшасының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге, Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің кәріз жүйелерін жаңартуға және №4 орта мектебінің қоршауын ауыстыруға жұмсалды.

Одан бөлек облыстық бюджет трансферті есебінен №21,26 мектептердің ғимараттары күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті бюджет есебінен 2019 жылы Кеңгір ауылындағы №2 және қаладағы №3 орта мектептердің ғимараттарында басталған күрделі жөндеу биыл толығымен аяқталып, айналасы абаттандырылды, бейнебақылау камералары орнатылып, полиция басқармасының шұғыл басқару орталығына қосылды.

Сонымен қатар, №№13, 14 жалпы білім беретін орта мектептердің терезелері мен шатырын ауыстырып, №2 мектептің жылу жүйесін күрделі жөндеуден өткізу қолға алынған еді. Биыл бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылды. Сондай-ақ, №4 мектептің терезелері мен №8 гимназияның қоршауы жаңартылды.

Ал, мектепке дейінгі тәрбие беру нысандарына тоқталар болсам, биыл №9, 12, 15 балабақшалардың терезелері мен шатырлары, №2,3,11 балабақшалардың шатырлары және №5 балабақшасының терезелері толықтай жаңартылды.

Мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту да кезек күттірмейтін мәселе. Күні бүгінге дейін атқарылған кешенді жұмыстардың нәтижесінде білім ошақтарындағы компьютермен жабдықтау көрсеткіші жақсарып, пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету көрсеткіші облыс дейгейінде 67% құрады. Әлі де мектептерді арнайы кабнеттермен жабдықтау жалғасын табады. Биылдың өзінде қала мектептері мен балабақшаға барлығы 654 компьютер, 11 бастауыш сынып кабинеті, 89 интерактивті панель сатып алынды.

***– Болашаққа межелеген жоспарларыңызбен бөліссеңіз.***

– Қазіргі басты мақсат – маман тапшылығын жою. Жалпы білім беретін мектептерде орыс тілі мен әдебиеті, тарих, математика, физика, орыс сыныптарындағы бастауыш сынып мұғалімдеріне қажеттілік бар. Нақтырақ айтсам, қазақ сыныптарына әлі де 11 мұғалім, орыс сыныптарына 17 мұғалім жетіспейді. Биыл Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін тәмамдаған 14 жас маманды жұмысқа қабылдадық. Бос орындарды мамандармен толықтырып, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасатын болады. Сонымен қатар, алдағы оқу жылдарында қала мектептеріндегі IT, гидропоника сыныптарын көбейтіп, талантты, өнертапқыш шәкірттерді ынталандыру жолында межелеген міндеттеріміз баршылық. Ауыр індетті жеңген күні бұл мақсаттар да өміршең боларына сенім мол.

***–Уақыт тауып, сұрақтарымызға жауап бергеніңізге рақмет!***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

# ДАУҒА ҰЛАСҚАН ДҮКЕН ҚҰРЫЛЫСЫ

***істі сот қарап жатыр***

***Осыдан тура үш ай бұрын Жезқазған гуманитарлық колледжінің ұжымы «Фейсбук» әлеуметтік желісінде колледж ғимаратының маңында жаңадан құрылыс басталғанын жазып, дабыл қақты. «Колледж жанынан дүкен ашқаны несі?» деген желі оқырмандарын қалалық әкімдіктің ресми парақшасы «Бірінші жезқазғандық» сабырға шақырып, бұл құрылыс бойынша іс сотқа жолданатынын хабарлаған еді. Бүгінде екі қабатты құрылысы аяқталып, есік, терезелері орнатылыпты. Мәселенің мән-жайын білмек мақсатта тараптарды тыңдауды жөн көрдік.***

– Жезқазған қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы №12/15 Қаулысына сәйкес Әсем Әбдібекке Жезқазған қаласы Ю. Гагарин көшесі 6 74А мекенжайынан уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен дүкен құрылысы үшін жер телімі берілді. Жер телімін беру қалалық сәулет бөлімінің қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Жауапты мемлекеттік мекеменің оң қорытындысы берілген, – деп түсініктеме берген Жезқазған қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы Ербол Құсайынов жерді жалға алушы берілген үш жыл мерзімі аяқталуға бір апта қалғанда болашақ дүкеннің құрылысын бастағанын, құрылысты бастамау туралы хабарлама алған кәсіпкер өз құқығын сотта қорғауға бекінгенін жеткізді.

Жер қатынастары бөлімінің ұсынған ақпаратына сүйенсек, Жезқазған қалалық соты 2020 жылдың 29 шілдедегі 3518-20-5-29/6688 шешімімен Ә. Әбдібектің Жезқазған қалалық әкімдігіне, «Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімі» мен «Жезқазған қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ қатысты берген талап-аразын қанағаттандырмаған. Арызданушы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2020 жылдың 28 мамырындағы қаулысын, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 01-19/149 қорытындысы мен жер комиссиясының 25.05.2020 жылғы №14 шешімінің 52 тармағын заңсыз деп танып, жер телімін жалға алу келісім-шартының мерзімін 30.07.2020 жылға дейін ұзартып, заңмен белгіленген мерзім ішінде салынған нысанды пайдалануға беруді сұраған.

Қалалық соттан қолдау таппаған Әсем Жұмабекқызына хабарласқанымызда ол апелляциялық шағым түсіргенін айтса, Жезқазған қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұт Смайлов қолданыстағы ереже, қағидалар бойынша аталған мекенжайда құрылыс жүргізу мүмкін еместігін алға тартты. Өйткені, құрылыс Жезқазған қаласының бас жоспарына сәйкес келмейді екен. 2015 жылы бекітілген Бас жоспарда аталған мекенжайда дүкен ғимаратын салу көзделмеген болса, 2017 жылы жер телімі неге берілгенін түсіндіруді сұрағанда: «Мен бұл қызметке биыл ғана тағайындалдым. Жер телімін кім және қашан бергенінен хабарсызбын», – деген жауап алдық қаланың бас сәулетшісінен. Ол жер телімін құрылыс үшін беру кезінде құрылыс нормалары мен ережелерінде көрсетілген талаптар сақталмағанын жасырмады. Ережеге сәйкес жаңа дүкен ғимараты мен гуманитарлық колледж ғимараты арасында кемінде 6 метр арақашықтық болуы тиіс. Одан бөлек сол маңда орналасқан трансформатор да құрылысқа кедергі екен.

Бас жоспар мен Заң не десе де дүкен ғимараты тұрғызылды. Бұған алаңдаушылық танытқан Жезқазған гуманитарлық колледжінің ұжымы мен ата-аналар қауымы нысан іске қосылса көлік қозғалысы артып, білім алушылардың жүріп-тұруына кедергі туады деп отыр. Енді оларда істің артын бағып, апелляциялық сот шешімін күтуден басқа амал жоқ.

**Диана ОРАЗАЛИНА**



АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

# АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АЙНАЛАСЫ АЙТАҚЫР



Бұрын әкімдіктің алдындағы тұғырға орнатылған Абылай хан ескерткіші көпшіліктің сын пікірлеріне орай өңделіп, қайта жаңғыртылған соң 2011 жылдың мамыр айында қаланың батыс ауданындағы 91-91 орамдарға баратын жолдың оң жағындағы дөңестен орын тепкен еді. Қарсы бетінде орталық аурухана ғимараты тұрған бұл маңайда әзірше басқа нысандар жоқ. Алайда, осы аймақта бой көтеретін жаңа ықшам ауданның көпқабатты тұрғын үйлерінің алды салына бастады. Негізгі айтпағымыз, Алаштың айбыны болған Абылай ханның ескерткіші өткен-кеткен жанға айдалада құлазып тұрғандай әсер береді. Көріктендіріліп, абаттандырылудан ада қалған маңайы айтақыр десе болады.

Жаңартылған ескерткіш бұл жерге «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына – 20 игілікті іс» акциясы аясында орнатылып, ашылу салтанатына орай ауқымды іс-шаралар өткізілгені есімізде. Бұл игілікті іс Жезқазған қаласында белгілі қоғам қайраткері Берік Әбдіғалиұлы әкім болып тұрған кезде жүзеге асқан болатын. Қос қаланың зиялы қауымы мен қалың жұртшылық қатысқан ескерткіштің ашылуына арналған салтанатты шарада Премьер-министрдің қазіргі орынбасары Ералы Тоғжанов, саясаттанушы, бүгінде Президенттің көмекшісі Ерлан Карин (ол кезде «Нұр Отан» партиясының хатшысы), Парламент Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан сияқты елге танымал тұлғалар Абылай баба туралы толғана сөйлеп, жезқазғандықтардың исі қазаққа үлгі боларлық іс жасап отырғанына ризашылық білдірген еді. Жиын үстінде құтты орнына қондырылған ескерткіш маңы абаттандырылып, адамдар демалатын мәдени орынға айналатыны да аз айтылған жоқ. Театр әртістері әсерлі әдеби композиция көрсеткен салтанат одан әрі «Абылай хан және қазақ рухы» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласқаны да бір бөлек әңгіме.

Міне, содан бері он жылға жуық уақыт өткенімен ескерткіш алдына орындықтар қойылғаннан басқа ештеңе жасала қойған жоқ. Қазақтың рухын көтереді деген Абылай хан ескерткіші естен шығып кеткендей әсер қалдыруда. Өйткені, жаңа орындағы ашылу салтанатынан кейін осы жерде бірде-бір елеулі шара өткізілгенін естімедік. Қазақ хандығының 550 жылдығында да еске алынбады-ау, шіркін. Мәселен, қала мектептерінің ұстаздары оқушыларын жылына бір рет Абылай ескерткішінің алдына әкеліп, қазақ тарихына қатысты оқиғаларды зерделейтін әңгіме өткізіп, тарихи тұлға рухына тағзым жасап тұрса қандай ғанибет. Жан-жағына ағаш отырғызып, жасыл желекке бөлеу жайына да мән беріп отырған ешкім байқалмайды. Гүл алаңын жасау да бұл жерге бұйырмай тұр. Қала әкімдігі бізде Абылай хан ескерткішінің бар екенін де ұмыта бастады-ау деймін. Айтақырда құлазып тұрған ескерткішті келген қонақтарға көрсетудің өзі ұят. Ендігі үміт – Жастар реурстық орталығы төңірегіндегі белсенділер мен еріктілерде. Абылай бабасының ескерткішіне олар да бір назар аударып қойса артық болмас еді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

***Табиғат аясы – адамдардың серуен құрып, күйбең тіршіліктен бір сәт демалатын мекені. Жезқазғандықтарға мұндай мүмкіндік беретін небәрі екі саябақ бар. Соның бірі – «Наурыз» саябағы. Оның бүгінгі жағдайы көптің көңілінен шықпай, келешегі күмән тудырады.***



# «НАУРЫЗ» САЯБАҒЫНА КӨҢІЛ БӨЛСЕ...



«Наурыз» саябағын абаттандырып, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі деген уәдені қала тұрғындарының естіп жүргеніне біраз болды. Бірақ, уәде сөз жүзінде қалып, іске аспай тұр. Саябақтың бүгінгі кейпі – аянышты. Күннен күнге құрап жатқан демалыс орынының жарықтандыруы мен тазалығы да сын көтермейді.

«Саябақ деп атаудың өзі артықтау секілді. Мұнда бұрынғыдай ойнаған бала мен қыдырған үлкендерді кездестіру қиын. Жастар асыға келетін футбол алаңының да сыйқы қашты. Жасанды шөбі жыртылып, қоршауы тозып тұр. Қақпа атымен жоқ. Бір қуантатыны жаттығу кешені бар», – деген Денис Романов саябақтың жағдайын оңалту үшін нақты шаралар қолданса деп тілегін жеткізді.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді». Жүйелі сын қала билігінің құлағына жетіп, «Наурыз» саябағы қайтадан қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналатынына сенеміз.

**Мағжан ӘБДІРАХМАНОВ**

ДЕРАДИКАЛИЗАЦИЯ

*Қазіргі рухани дағдарыс заманында көптеген ұлттар тарих бетінен ұлт ретінде жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр. Ұлтты сақтайтын – оның тілі, діні, ділі екені анық. Алайда, оны сақтап, халықтың санасында бекем ұстау жолындағы тартыс мәселесі тарих сахнасынан түскен емес.*

Имандылық үрімдері

# РУХАНИ ДАҒДАРЫС: ПСЕВДОСӘЛӘФИЛІК АҒЫМДАРМЕН ЖАҢАША КҮРЕС



VIII ғасырдан бастап Түргеш қағанаты кезеңінен Ислам дінін қабылдаған қазақ даласы сүнниттік бағытты ұстанып келеді. Ата-бабаларымыздың ханафи мәзһабы мен матуриди ақидасында болғаны жырауларымыздың, ғалымдарымыздың, ақындарымыздың, билеріміздің көзқарастары мен еңбектерінде айғақталады.

Тарихымызда Исламның бірнеше ағымға бөлінген, халыққа зардап тигізген кезеңі болған емес. Алайда, тәуелсіздік алғаннан кейін елімізге ентелеп кірген түрлі ағымдар қазіргі таңда бірқатар ел азаматтарының арасында жік салғанын байқаймыз.

**Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде дін мен ұлттық құндылықтардың қоғамдағы рөліне баға бере келе: «Барлық халықтар үшін дін – жаулаудың тәсілі мен тәпсірі болғанын еске салудың зияны жоқ. Әртүрлі себептерге байланысты мемлекеттік немесе ұлттық тұтастық идеясы дағдарысқа ұшыраған шақта, елдің қоғамдық және саяси өмірінің сахнасына бүкіл рухани идеяға ұйытқы болып дін шығады. Көп жағдайда сенімнің біртұтастығы тарихтың тайғақ кешулерінде халық тағдырына араша түсіп отырады.**

**Алайда, кейбір жағдайларда мемлекет рөлі баяу да басыңқы болғанда, өмірдің барлық саласында діннің бел алуы сайқымазақтық сипат алып қана қоймайды, сонымен бірге, қауып-қатер төндіретін кездері бар. Бұл жеке адамдарға ғана қауіп төндіріп қоймайды, кейде тұтас адамзат үшін де қатерлі», – деген болатын.**

Ислам дінін жамылған түрлі жалған ағымдар ашылып, Құран аяттарын өз саяси бағыттарына қарай бұрып алған діни-саяси топтар, экономикалық ортаны басып алу ниетімен минералды ресурстарға бай елдердің маңызды нүктелерінде түрлі бүліктер ұйымдастырып, аталған орындарда мемлекетке қарсы псевдосәләфилер азаматтар топтарын қалыптастыру үрдістерін жүргізуде.

Аталған жалған ағымның Қазақстанда «мадхали» және «сурури» ұстанымындағы псевдосәләфилік, тәкфір жамағаты сынды бөліністері бар. Бұл бөліну үдерістері саяси себептерден туындағанын осы уақытқа дейін ғалымдар жазуда.

Дегенмен, бірнеше жамағатқа бөлінген аталмыш топтардың өзара қарым-қатынасы неге жақсармайды деген сұрақ туады. Олардың оқитын кітаптары да, алға тартатын тарихтағы басты ғалымдары да бір. Алайда, саяси көзқарастары мен психологиялық ерекшеліктеріне қарай жоғарыда көрсетілген жамағаттар діни-қоғамдық мәселеге келгенде өзара араз.

Діни көзқарастары олардың әрі қарай әлеуметтік және дүниетанымдық көзқарастарының да алшақтауына да әсер етіп отыр. Аталмыш жамағаттардың санасын ұлттық құндылықтар, дәстүр ұғымдары еш қызықтырмайтыны түсінікті. Ал әлеуметтік қиындықтарды пайдалана отырып, өз ортасы мен мемлекетке деген өшпенділігін арттырады.

Қазақстанда псевдосәләфилік көзқарастағы азаматтар ортасын талдасақ, аталған идеология жетегіндегілердің бір топтан екіншісіне өтіп кетуі тәжірибеде бар. Бұл қай жамағат арасында уағыздардың көбірек белсенділігіне қарай болып отыр.

Елімізде осы шетін көзқарасқа өтіп кеткен азаматтарды оңалту саласын жүйелендіру бүгінгі күні мәнін жоғалтпаған мәселе ретінде күн тәртібінде тұр. Өйткені, жамағатқа айналған топтардың мемлекеттің саяси күші мен экономикалық бағыттарына саяси шабуылдар басталғанда сыртқы күштердің қолшақпары болып кетуі мысалдары бар екенін кейбір елдердің ахуалынан байқауымызға болады.

**Псевдосәләфилік идеологияның тарихы халифа Әлидің кезіндегі харижиттік атаулармен басталады. Исламның атын жамылған топтардың өз нәпсілеріне қарай дінді бұрмалап, түрлі бүліншіліктер жасағаны туралы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Менің үмбетім 73-ке бөлінеді, барлығы тозаққа түседі, тек біреуі ғана жұмаққа кіреді», – делінеді. «Ол кім? деп сұрағанда: «Мен және жамағатым», – деп жауап береді.**

Дәстүрлі емес бағыттағы кез келген жамағаттар көшбасшылары «сол пайғамбар айтқан тура жол – біздің жолымыз» деп сендіру арқылы өз жамағаттарын одан әрі қуаттандыруға тырысады. Түрлі жамағатқа бөлінген азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан өзара қарым-қатынасқа түспеуі күннен-күнге өрістеп келеді.

Психологияда аз топ өкілдері бір-біріне өзара жақын болатыны туралы теория бар. Бұл тәжірибелік тұрғыда кейбір мемлекеттердің ішінде аз ұлттардың өзара жақын қарым-қатынаста болатынын айтуға болады. Ал мемлекет ішінде тілін, ұлтын, рухани құндылықтарын жоққа шығарып, «Алла жолына, таза исламға шақырамыз» деген ұрандармен сыртқы күштердің немесе жеке тұлғалардың ықпалымен саяси топтарға айналып отыр.

Мысалға алатын болсақ, кейбір мемлекеттерде ел тізгінін ұстаған басшылардың түрлі діни топтардың көсемдерімен өзара келісімге келуі арқылы билікке жететіні тарихи деректерден белгілі. Яғни, кез келген діни экстремизмнің артында мемлекеттің іргесін сөгуге дайын топтар тұрғанын байқауға болады. Сондықтан елдің руханиятын сақтап қалу үшін, псевдосәләфизм жолындағы азаматтардың эмоционалды кеңістігін алмастыру қажет. Яғни, жастарға ұлттық болмысты сіңіру қажет.

Әлемдегі мұндай текетірестер идеялар тартысының көрінісі екені анық. Аталған тартыстың жемісі жоғары білімділікпен, терең психологиямен, әлеуметтік әрі адамгершілік істермен нәтиже береді. Радикалды азаматтың әлеуметтік және психологиялық қиындықтарының негізінде жан тыныштығын радикалды жалған құндылықтардан алды деп есептесек, оларды да осындай сынды сарапталған жағдайлармен санасуға бейімдеу маңызды.

Ал, әсіре діншілдікті немесе радикалдық ұстанымды насихаттайтын құралдардың тоқтамайтынын тәжірибеден байқаудамыз. Кез келген радикалды іс-әрекеттердің бастауында саяси, экономикалық, өзгеше құндылықтарды енгізу жатады.

Псевдосәләфизмнің тарихы, өзіне тән идеологиясы, қайнар көздері мен ғалымдары, оның үстіне қазіргі таңда бұл жүйені қолдаушы саяси күштердің бары білгілі. Тарихи деректерден идеологиялық күрестердің болатындығы және оның заман ағымына сай өзгеріп отыратындығы анық. Уахабизм идеологиясының Ислам құндылықтарымен және әр халықтың дәстүрімен еш қабыспайтынын ескерсек, дәстүрмен біте қайнасқан дәстүрлі танымның баяндылығы мәңгілік болатындығы анық.

Отанның мәңгілігі, құндылықтың мығымдығы өміршең күрестің нәтижесінде орнығады. Жалпы құрылыммен қатар жекелеген жұмыстардың маңыздылығы ешқашан маңыздылығын жоймайды. Өйткені, құндылықтың маңызы көпшілікпен артады. Көпшіліктің белсенділігін жекелеген тұлғалар арттырмақ. Қоғамдық жұмыстарда жекелеген жұмыстар жалпылама сипат алмақ. Сондықтан жеке тұлғалармен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру және оңалту жұмыстарының негізгі бағыты елдің рухани байлығы мен болмысын насихаттау болып табылады.

**Kazislam.kz**

## НАМАЗ КЕСТЕСІ

***Қыркүйек айы***
***Жезқазған қаласы***

| | | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сейсенбі | 05:16 | 06:44 | 13:32 | 18:11 | 20:12 | 21:40 |
| 2 | Сәрсенбі | 05:18 | 06:46 | 13:32 | 18:10 | 20:10 | 21:38 |
| 3 | Бейсенбі | 05:20 | 06:47 | 13:31 | 18:08 | 20:08 | 21:36 |
| **4** | **Жұма** | **05:21** | **06:48** | **13:31** | **18:07** | **20:06** | **21:33** |
| 5 | Сенбі | 05:23 | 06:50 | 13:31 | 18:05 | 20:04 | 21:31 |
| 6 | Жексенбі | 05:25 | 06:51 | 13:30 | 18:03 | 20:02 | 21:29 |
| 7 | Дүйсенбі | 05:26 | 06:53 | 13:30 | 18:02 | 20:00 | 21:26 |
| 8 | Сейсенбі | 05:28 | 06:54 | 13:30 | 18:00 | 19:58 | 21:24 |
| 9 | Сәрсенбі | 05:30 | 06:55 | 13:29 | 17:58 | 19:56 | 21:22 |
| 10 | Бейсенбі | 05:31 | 06:57 | 13:29 | 17:57 | 19:54 | 21:19 |
| **11** | **Жұма** | **05:33** | **06:58** | **13:28** | **17:55** | **19:52** | **21:17** |
| 12 | Сенбі | 05:34 | 06:59 | 13:28 | 17:53 | 19:50 | 21:15 |
| 13 | Жексенбі | 05:36 | 07:01 | 13:28 | 17:52 | 19:48 | 21:12 |
| 14 | Дүйсенбі | 05:38 | 07:02 | 13:27 | 17:50 | 19:46 | 21:10 |
| 15 | Сейсенбі | 05:39 | 07:03 | 13:27 | 17:48 | 19:44 | 21:08 |
| 16 | Сәрсенбі | 05:41 | 07:05 | 13:27 | 17:47 | 19:42 | 21:06 |
| 17 | Бейсенбі | 05:42 | 07:06 | 13:26 | 17:45 | 19:40 | 21:03 |
| **18** | **Жұма** | **05:44** | **07:07** | **13:26** | **17:43** | **19:38** | **21:01** |
| 19 | Сенбі | 05:45 | 07:09 | 13:26 | 17:41 | 19:36 | 20:59 |
| 20 | Жексенбі | 05:47 | 07:10 | 13:25 | 17:40 | 19:34 | 20:57 |
| 21 | Дүйсенбі | 05:49 | 07:11 | 13:25 | 17:38 | 19:31 | 20:54 |
| 22 | Сейсенбі | 05:50 | 07:13 | 13:25 | 17:36 | 19:29 | 20:52 |
| 23 | Сәрсенбі | 05:52 | 07:14 | 13:24 | 17:34 | 19:27 | 20:50 |
| 24 | Бейсенбі | 05:53 | 07:16 | 13:24 | 17:33 | 19:25 | 20:48 |
| **25** | **Жұма** | **05:55** | **07:17** | **13:23** | **17:31** | **19:23** | **20:45** |
| 26 | Сенбі | 05:56 | 07:18 | 13:23 | 17:29 | 19:21 | 20:43 |
| 27 | Жексенбі | 05:57 | 07:20 | 13:23 | 17:27 | 19:19 | 20:41 |
| 28 | Дүйсенбі | 05:59 | 07:21 | 13:22 | 17:25 | 19:17 | 20:39 |
| 29 | Сейсенбі | 06:00 | 07:22 | 13:22 | 17:24 | 19:15 | 20:37 |
| 30 | Сәрсенбі | 06:02 | 07:24 | 13:22 | 17:22 | 19:13 | 20:35 |

## ЕРІКТІЛІК – ЕҢ САУАПТЫ ІС

***Қазақ халқы әу баста өзгенің өксігін өзінікіндей көретін жанашыр халық болғаны баршамызға аян. Ауылдасына айрандай ұйып асарлатып көмегін көрсетсе, жанына жақын жолдасына «жылуын» аямаған. Бұдан біз қазақтың бауырмалдығын, кең пейілдігін көре аламыз.***

Еріктілік біз үшін таңсық дүние емес. Нағыз мүмін – ешқандай да сыйақы күтпей, риясыз көңілмен, бір Алланың разылығы үшін басқаға жәрдем беретін адам. Басқалар үшін «ерікті болу» жастық шақтың уақытша албырт кезеңі болса, мұсылман адам үшін – өмірлік кредо.

Абдуллаһ ибн Омар *(оған Алла разы болсын)* біреу Алла Елшісінен *(оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын)* былай сұрағанын хабарлайды: «Иә, Алла Елшісі, Аллаға қандай адамдар және қандай амалдар ең сүйкімді?». Алла Елшісі *(оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын)* былай жауап береді: *«Аллаға ең сүйкімді адамдар – басқаларға ең пайдалылары; ал Аллаға ең сүйікті амал – басқа мұсылманды бақытты ету, оның мұқтаждығын орындау, қарызын өтеу немесе тамақтандыру. Адам бір жаққа дін бауырының мәселесін шешу ниетімен бара жатқанда, ол Аллаға екі ай бойы мешітте иғтикәф етіп отырған адамнан да абзалырақ. Алла өз ашуын тыя алатын адамның күнәларын жасырады. Бауырымен бірге оған көмектесу үшін бір жерге бара жатқан адамға еш тірек қалмаған күні Алла Сырат көпірінде тірек береді. Жаман мінез жақсы амалдарды сірке балды бүлдіргендей бүлдіреді».*

Кейбір кездерде қандай да бір жерде қайырымдылық орын алса, сол қайырымдылыққа мұрындық болған, қаржыландырған адамдарға алғыс айтып, мақтау-мадақтауға бөлейтініміз рас. Алайда, сол істің басы-қасында жүріп, мұқтаждардың жағдайын өз көзімен көрген, өз қолымен жеткізген еріктілердің еңбегін назардан тыс қалдырып жатамыз. Еріктілердің арқасында қоғамның ұйымдар, әлеуметтік қызметтер, балалар орталықтарын құруға, конференциялар өткізуге, аш балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыруға, баспанасыздарға баспана беруге, кітапханалар, мектептер, қан құю орталықтарын ашуға мүмкіндігі бар және бұл тізім бұнымен бітпейді. Әлеуметтік қызмет қызметкерлері барлық әлеуметтік жұмыстың аз бөлігін ғана орындағандықтан, еріктілер бұл қызметтің басым бөлігін атқаруда.

Бізге діннің намаз, ораза, зекет, қажылық секілді парыз етілген амалдарын ғана орындау жеткіліксіз. Ислам діні бұнымен шектелмейді. Біздің дініміз бізді әлдеқайда үлкен миссияға, біз өмір сүріп жатқан қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге шақырады. Науқастарға бару, мұқтаждарға көмектесу, сауатсыз адамдарды оқыту (өйткені қазіргі уақытта компьютерді білмеу, мысалы сауаттылықтың жоқтығы болып саналады), кімге жүгіну керектігін білмейтіндерге көмек беру қажет. Исламда еріктілікке ерекше көңіл бөлінеді. Бұл қызмет білім үйірмелерімен, мешіттер мен ислам орталықтары үшін қаражат жинаумен шектелмеуі тиіс. Біз, мұсылмандар, өзімізді әлемдегі бейбітшілік пен ізгіліктің жаршысы ретінде көреміз. Сол үшін жақсылықты тек мұсылман ортаға ғана жаймай, сондай-ақ қоғам игілігі үшін басқа діннің өкілдеріне де көңіл бөлуіміз керек. Себебі кедейлік, ауру-сырқау дінді немесе ұлтты таңдамайды.

Адамдарды Исламмен таныстыру идеясы шексіз көптеген формаларға ие. Ең қарапайым және түсініктісі – адамдарға Ислам және оның қағидаттары туралы білім мен ақпаратты тікелей беру болып табылады. Бірақ басқа да, әлдеқайда тиімді жолы бар, ол – өзі үлгі болу арқылы ізгі, сауапты амалдарды атқару. Мұсылман қауымының маңызды міндеті – өз ортасында еріктілік мәдениетін дамыту. Еріктілер – бұл тегін жұмыс күші. Олардың күш-жігерін ешкім бағаламайды, керісінше, олар жиі сынға ұшырайды. Біздің қоғамға еріктілер жайлы түсінікті өзгерту керек, оларсыз көптеген жақсы істер аяқсыз қалып, соңына дейін жетпейтін еді. Көптеген мешіттер осы еріктілердің көмегімен салынды, қаншама қайырымдылық, спорттық, қоғамдық шаралар еріктілер жұмысының арқасында мүмкін бола бастады.

Еріктілік адамда ұжымға, мұсылман жамағатына деген тиістілік сезімін тәрбиелейді, бауырластық бірлескен ерікті қызмет барысында жақсырақ нығаяды. Еріктінің өзі де көптеген артықшылықтарға ие бола алады. Адамдарға көмек көрсетудің ең басты уәждемесі – Алла Тағалаға деген махаббат болуы тиіс екені айқын нәрсе, алайда бұл еріктілік қызметтен жеке пайда алмауы керек дегенді білдірмейді. Көптеген еріктілер, әсіресе, жастар, өз қызметінің барысында адамдармен араласып, өте пайдалы дағдылар игеріп, жақсы жұмысқа тұру мүмкіндігіне ие болуда. Бұл Алланың осы дүниеде берген берекесі деп түсіну керек. Әрине, әу бастағы ниет дұрыс болса.

Еліміз үшін соңғы уақыттар сынақтарға толы кезең болды. Әлемдік коронавирус дертінің салдарынан қаншама отбасы күнкөріс көзінен айырылып, аса бір қиын жағдайға түсті. Тіпті егде жастағы адамдар үйлерінен шыға алмай, қарапайым қажетті азық-түлік, дәрі-дәрмектерге мұқтаж күйге жетті. Бір қуантарлығы – осындай қиын-қыстау кезеңде халқымыздың бір үйдің баласындай ауызбіршілікпен көмекке келуі.

Пайғамбарымыз *(оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын)* өз хадисінде былай дейді: *«Мұсылмандар бір-біріне бауырмалдықта, мейірімділікте, қарым-қатынаста бір бүтін дене іспеттес. Егер оның бір ағзасы ауырса, қалғаны ұйқысыз және ыстығы көтерілуінде онымен бірге болады».* (Муслим хадистер жинағы).

Еріктілік қызметпен айналыса отырып, есте сақтау қажет бірнеше маңызды ережелер бар:

Егер ол Алла разылығы үшін істесе, ол өз уақытын, күш-жігерін, энергиясын, білімін беріп жатқанын айтып мақтанбау;

Жасап жатқан қызметін тегін істеп жатқаны үшін шағымданбау;

Ерікті жауапкершілік сезіміне ие болуы керек;

Қандай да бір жұмысты аяғына дейін жеткізе алмайтынын білсе, ең дұрысы ол істі бастамаған абзал;

Ерікті қандай да бір жұмысты бастаса, онда ол сол жұмысты ең көркем түрде, кемеліне жеткізіп орындауы тиіс. Пайғамбарымыз өз хадисінде: *«Алла Тағала жақсы көретін іс – кез келген істің соңына шейін, кемеліне келтіріп орындалуы»,* – деп айтуы осының дәлелі болса керек. (Бәйхақи)

Жаратушыға деген махаббатымызды нақты істерге айналдыру арқылы біз өз иманымызды күшейтеміз. Ислам – іс-әрекет діні, а,л біз өмір сүріп жатқан қоғамның жақсаруына ықпал ету арқылы оны дәлелдей аламыз. Алла Тағала баршамызды дін жолында риясыз қызмет ететін мүмін құлдарының қатарынан болуды нәсіп етсін!

**Көпен ӘДІЛЕТ,**
**ҚМДБ «Жастар ісі секторының» меңгерушісі**

СҰРАҚ-ЖАУАП

## ҚИСТУЛ-ҺИНДИ ТУРАЛЫ ДІНІМІЗДЕ НЕ АЙТЫЛҒАН?

***Әл-Куст (****лат. Costaceae немесе Costus****) – емдікке, хош иіске қолданатын үнді ағашы[1]. Араб саудагерлері бұл емдік өсімдікті Үндістаннан, Қытайдан Араб түбегіне теңіз арқылы алып келген. Сондықтан мұны қистул-бахри (теңіз костусы) немесе қистул-һинди (Үнді костусы) деп те атайды.***

Теңіз костусының түсі ақ әрі жұмсақтау, ал Үнді костусы қара түсті және өте ащы келеді. Бірақ екуінің де пайдасы мол. Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаят еткен хадисте бұл өсімдік жайлы былай деп айтылады:

إنّ أفضلَ ما تداويتم به الحجامةُ، والقسطُ البحريُّ

«Расында, сендер емдікте қолданған ең жақсы әдіс – хижама және қистул-бахри»[2].

Умму Қайс Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін естідім:

عليكم بهذا العود الهندي؛ فإنّ فيه سبعةَ أشفيةٍ؛ يُستعَطُ به من العُذرة، ويُلَدُّ به من ذات الجَنب

«Бұл Үнді ағашын қолданыңдар. Онда жеті түрлі (дертке) шипа бар. Мұрынға тамызу арқылы тамақ ауруын, аузына салу арқылы өкпе қабынуын[3] емдейді»[4], – дейді.

Дәрігерлер аталмыш өсімдіктің пайдасы туралы: «Ол – етеккір қаны мен несепті жүргізуге, уды қайтаруға, жыныстық белсенділікті арттыруға, балмен қоса ішсе, ішек құртын өлтіруге, денедегі дақтарды кетіруге, асқазан және бауыр ауруына, безгек пен ісікті басуға т.б. таптырмас дауа»[5], – деп, бірнеше дертке ем екенін атап өтті. Сонымен қатар ол қақырықты түсіруге, суықты шығаруға, өкпе қабынуын емдеуге т.б. пайдалы[6].

Хадисте қистул-һиндидің жеті дертке ем болатындығын келтіргенімен, тәжірибе барысында оның бірнеше ауруға дауа екені анықталған. Тіпті оны табиғи антибиотик деп те атаған. Сондай-ақ, иммунитетті көтеруге көмегі бар.

Қолдану тәсілі ретінде қистул-һинди ұнтағын зәйтүнмен қосып денеге жағуға, суға немесе балға араластырып ішуге, зәйтүнді қосып мұрынға тамызуға, түтетуге болады[7].

Демек, жоғарыдағы деректерге орай қистул-һиндидің бірнеше ауруларға дауа болатындығын аңғарамыз. Сондықтан оны ем ретінде әсіресе, бронхитке, жөтелге т.б. пайдалануға болады.

[1] Тәһзибу әл-луға, 8/298.
[2] Бұхари, №5696.
[3] Бүйрек немесе туберкулез ауруы деген пікірлер де бар.
[4] Бұхари, №5692. Муслим, №2214.
[5] Миркатул-мәфәтих шарху мишкәтил-мәсабих, 8/353.
[6] Әд-Дину әл-холис әу иршәду әл-холқи илә дини әл-хақ, 7/39.
[7] Фәтху әл-бәри, 10/157.

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАРҒА ҚҰРАН АЯТТАРЫН ЖАЗУ (БЕЙНЕЛЕУ) ДҰРЫС ПА?



***Құран – Алланың кәләмі, мұсылманның қасиет тұтар кітабы. Құранды әрі шариғаттың белгілерін құрметтеу – барша мұсылманның міндеті. Кім Құранды құрметтесе, Алла Тағаланы құрметтегені, ал кім оны кемсітсе, Алланы кемсіткен болады.***

Алла Тағала Құранда былай дейді:

ذَلِكَ وَمَن يُعَظِّمْ شَعَائِرَ اللَّهِ فَإِنَّهَا مِن تَقْوَى الْقُلُوبِ

«Міне, осы. Кім Алланың белгілерін ұлықтаса: күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан»[1]. Омар (ол кісіден Алла разы болсын): «Құранды ұлықтаңдар»[2] деген.

Құранның кейбір аяттарын ыдыс-аяққа жазу мәселесіне келсек, оның үкімі адамның ниетіне байланысты болады. Егер Құранды қорлау мақсаты болса, оған тыйым салынады. Өйткені ол қасиетті рәміздерді елемеу және оның беделін, мәртебесін бағаламау болып саналады. Мұсылмандар Құран Кәрімді ұлықтап, құрметтеп және оны сақтауы керек. Сол үшін Құранды қорлауға алып баратын барлық жайттарға тосқауыл жасауы тиіс.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде Құранды жерге, киімге, төсенішке, жастыққа және т.б. жазуға тыйым салған деректер жеткілікті. Соның бірі Амр ибн Шұғайыптан жеткен риуаятта: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Құранды жерге жазуға тыйым салған»[3] делінген. Себебі жерді барлығы аяғымен басып жүргендіктен, оған жазылған Құран аяқ асты болып кетуі мүмкін. Бұл Құранды құрметтемеуге алып барады. Ал ол – үлкен күнә[4].

Тіпті ғалымдар қорлауға алып барады деген қауіптен, тіптен ондай мақсаты болмаса да, Құран Кәрімді киімге, ақшаға жазуды мәкруһ деп ашық мәлімдеген.

Кәмал ибн Һумам: «Құранды, Алла Тағаланың есімдерін дирһамға, михрабқа, қабырғаға және төсеніштерге жазу – мәкруһ»[5] деген.

«Әл-фәтәуа әл-һиндия» атты кітапта: «Құранды қабырғаға жазуға кейбір ғалымдар рұқсат берсе, енді бірі қабырға құлаған жағдайда Құран аяттары адамдардың аяқ астында қала ма деген қауіптен мәкруһ санаған»[6] деп жазылған.

Әш-Ширбайни: «Құранды мешітте болса да қабырғаға, сондай-ақ киімге, тағамға т.б. жазу – мәкруһ»[7] деген.

Жоғарыдағы ғұламалардың Құранды қабырғаға жазуға тыйым салғаны оның аяқ-асты болып кетуіне байланысты айтылған. Ал қорлауға алып бармаса, әсіресе, мұндай іс-әрекеттер тәбаррук, емделу мақсатында болса оған тыйым жоқ.

Дегенмен Құран аяттары жазылған ыдыс-аяқтар, тұрмыстық заттар аяқасты болмауына, үйдің бір шетінде шашылып жатпауына, балалар ойнамауына ешкім кепіл емес. Сондықтан ыдыс-аяқтарға Құран аяттарын жазу дұрыс саналмайды.

[1] «Хаж» сүресі, 32-аят.
[2] Құртуби тәпсірі, 1/29.
[3] Ибн Батта, «әл-ибәнә», 5/325. Әл-Мустағфири, «Фәдәйлу әл-Құран», 1/200.
[4] Әбу Убайд Қасим ибн Сәләм, «Фәдәйлу әл-Құран», 121.
[5] Фәтху әл-қадир, 1/173.
[6] Әл-фәтәуа әл-һиндия, 5/323.
[7] Әл-Иқнағ, 1/254.

**muftyat.kz**

# САЛЫМШЫЛАР «БЖЗҚ» АҚ-дан АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

Өзінің зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу – БЖЗҚ салымшылары мен алушыларының заңнамамен бекітілген құқығы. Өз зейнетақы жинағының жай-күйі туралы ақпарат алғысы келген әр адам:

БЖЗҚ-ның қызмет көрсету кеңселеріне өзі келіп өтініш жасауы керек**;**

Электрондық тәсілмен, атап айтқанда**:**

– БЖЗҚ-ға берілген электрондық пошта мекенжайы арқылы зейнетақы шотынан үзінді көшірмені салымшы (алушы) өзі таңдап алған кесте бойынша: ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын алады.

– электрондық цифрлық қолтаңба немесе логин мен парольді пайдалана отырып, Жеке кабинет арқылы;

– электрондық үкімет порталындағы Жеке кабинет немесе салымшының (алушының) mGov мобильді азаматтар базасына тіркелген ұялы телефон нөміріне жіберілетін біржолғы sms-парольді қолдану арқылы;

– дәстүрлі пошта қызметі тәсілдерінің бірін пайдаланып, оған оп-оңай қол жеткізе алады.

Ақпарат алу тәсілін таңдау үшін салымшы БЖЗҚ кеңсесіне жеке басын куәландыратын құжатпен келуі тиіс. Электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болған жағдайда, enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте ақпарат алу тәсілін өз бетімен таңдап не өзгерте алады.

Әу баста салымшылардың көпшілігі зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған кезде дәстүрлі пошта қызметі арқылы ақпарат беру тәсілін таңдайтын еді. Алайда ақпарат берудің бұл тәсілі салымшылар үшін қолайсыз болды. Себебі, ақпарат берудің мұндай тәсілі жылына бір-ақ рет жүзеге асырылатын. Оның үстіне, мекенжайыңыз ауысқан жағдайда БЖЗҚ-ны міндетті түрде хабарландыру керек болды. Егер оны жасамасаңыз, БЖЗҚ одан әрі зейнетақы жинағыңыздың жай-күйі туралы ақпарат бермеуге құқылы болатын.

2020 жылдың 3 тамызындағы жағдай бойынша шамамен **1,3 млн** адам жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпаратты дәстүрлі пошта байланысы, ал **858 мыңнан** аса адам электрондық пошта арқылы алды.

Салымшылар кеңсеге өзі келіп өтініш беретін тәсіл де аса танымал, **3 млн** аса ЖЗШ иегері қажетті ақпаратты тікелей БЖЗҚ кеңсесіне келіп алған екен.

Десек те, ең танымал әдіс – интернет-хабарландыру тәсілі. Шамамен **5,7 млн** салымшы ақпарат алудың осы бір ең қолайлы да жедел түрін таңдаған. Жалпы алғанда, қашықтан көрсетілетін сандық сервистерді енгізу нәтижесінде БЖЗҚ-ның 90%-дан астам қызметі онлайн түрде көрсетіледі.

Зейнетақы жинақтары туралы мәлімет алудың мұндай тәсілінің артықшылығы: салымшы ақпаратқа «24/7» режимінде (тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн), тұрғылықты тұратын жеріне қарамастан кез келген жерде қол жеткізе алады.

Барлық қызметтерді смартфон немесе планшет арқылы алып дағдыланған және ақпарат алудың осы тәсілін ең қолайлы деп есептейтін БЖЗҚ салымшылары үшін қарапайым әрі қомақты қызмет түрлерін көрсете алатын ENPF ұялы қосымшасы іске қосылған. Ол Google Play немесе AppStore-да қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Ұялы қосымшаға тіркелу үшін сіздің ұялы телефоныңызға смс-хабарламамен жіберілетін біржолғы парольді пайдалануға болады. Ұялы қосымшада авторланудың екі тәсілі қолжетімді: ЖСН енгізу немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану. Сондай-ақ, ұялы қосымшаңызда бар болған жағдайда, кейін Android және IOS үшін Touch ID, IOS үшін Face ID арқылы кіруге болады.

**+7 777 000 1418** нөмірі бойынша What's App сервисінің көмегімен Қор маманына хат жолдап, өзіңізді қызықтырған ақпаратты ала аласыз. Жоғары сұранысқа ие қызметтердің қатарына Telegram-bot-ты да қосуға болады, оның көмегімен шағын үзінді көшірме алу немесе оны электрондық пошта мекенжайына жіберу қарастырылған. Айтпақшы, осы сервистің көмегімен Сіз өз Жеке кабинетіңіздің паролін қалпына келтіріп, өзекті жаңалықтармен және Қордың ағымдағы көрсеткіштерімен танрыс аласыз. Жақын жерде орналасқан БЖЗҚ бөлімшелерін де осы сервис арқылы білуге борлады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**


*Құрметті Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Кеңгір елді мекені тұрғындары!*

*Қымбатты біздің тұтынушылар!*




*Уважаемые жители и гости городов Жезказган, Сатпаев а так же с. Кенгир!*

*Дорогие наши покупатели!*

Қазіргі уақытта эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020 жылдың 22 тамызына жоспарланған **Lada Largus** автокөлігін және бағалы сыйлықтарды ұтысқа салу мүмкін емес.

Барлық тәуекелдерді бағалай отырып, ұтыс ойынын **2020 жылдың 22 тамызынан 16 желтоқсанына** ауыстыруға мәжбүрміз.

***БІРАҚ БІЗДЕ ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ БАР!***

**«ULY DALA» гипермаркеті бас жүлде – АВТОКӨЛІКТІ екі есеге арттырады!**

Енді біз бір емес, екі LADA LARGUS автокөлігін ойнатамыз!

Онымен қоса келесі бағалы заттар да өз иелерін күтуде:
1. «Scarlett» стационарлы миксері – 5дана
2. «Samsung» шаңсорғышы – 2дана
3. «Beko» тоңазытқышы – 1дана
4. «Panasonic 32» теледидары– 1дана
5. «Scarlett» үтігі – 5дана
6. «Huawei» смартфоны – 4дана
7. «LG» Кір жуғыш машинасы – 1дана
8. «Hansa ZWM 615WB» ыдыс жуушы машинасы – 1 дана
9. «HS-324C» мұздатқыш камерасы – 1 дана
10. «Samsung Tab A» планшеті – 2 дана
11. «HP Laptop» ноутбугы – 2дана
12. Ақшалай сыйлық 50 000 теңге – 4 дана
13. Төсек-орын жабдығы – 5дана
14. Сыйлықтар себеті – 5дана
15. «Luminarc» ыдыс-аяқ жиынтығы – 5 дана

**МАҢЫЗДЫ!**

Қолында купондары бар барлық клиенттеріміз екі автокөлік пен бағалы жүлделердің ұтыс ойынына қатыса алады. Купондарды тіркеу **16 желтоқсанға дейін** жалғасады.

***Барлығыңызға сәттілік тілейміз!!***

Жағымды нәрсені пайдалы нәрсемен біріктіре отырып, біздің гипермаркетте тауарларды сатып алыңыз және автокөлікпен, бағалы сыйлықтардың ұтысына қатысыңыз!

Қазіргі жағдайдың ауырлығын және ұтыс ойынын мәжбүрлеп кейінге қалдырып отырғанымызды түсіністікпен қабылдайды деп үміттенеміз! (Бұл гипермаркеттің шешімі емес – бұл мемлекеттік органдардың талабы).

***Құрметпен, сіздің «ULY DALA»!!!***

В настоящее время, условия эпидемиологической ситуации не позволяют нам провести розыгрыш автомобиля Lada Largus и ценных призов, который был запланирован на 22 августа 2020 года.

Оценив ситуацию и все возможные риски связанные с проведением массовых мероприятий, розыгрыш мы вынуждены перенести **с 22 августа на 16 декабря 2020 года в 14:00!**

***ЕСТЬ У НАС И ХОРОШИЕ НОВОСТИ!***

**Гипермаркет «ULY DALA» УДВАИВАЕТ ГЛАВНЫЙ ПРИЗ - АВТОМОБИЛЬ!**

Теперь мы разыграем не один LADA LARGUS, а ДВА!

Так же у вас есть шанс выиграть следующие ценные призы:
1. Миксер стационарный «Scarlett» – 5 шт
2. Пылесос «Samsung» – 2 шт
3. Холодильник «Beko» – 1 шт
4. Телевизор «Panasonic 32» – 1 шт
5. Утюг «Scarlett» – 5 шт
6. Смартфон «Huawei» – 4 шт
7. «LG» стиральная машина – 1шт
8. «Hansa ZWM 615WB» посудомоечная машина – 1 шт
9. «HS-324C» морозильная камера – 1 шт
10. «Samsung Tab A» планшет – 2 шт
11. «HP Laptop» ноутбук – 2 шт
12. Денежный приз 50000 – 4 шт
13. Набор постельного белья – 5 шт
14. Набор подарочных корзин – 5 шт
15. «Luminarc «набор посуды – 5 шт

**ВАЖНО ЗНАТЬ!**

В розыгрыше обоих автомобилей и ценных призов принимают участие все наши клиенты, имеющие на руках купоны! Регистрация купонов продолжается до **16 декабря**.

У вас есть еще время и шансы принять участие в розыгрыше!

***Желаем всем удачи!***

Совмещайте приятное с полезным, совершайте покупки в нашем гипермаркете и становитесь участником розыгрыша авто и ценных призов!

Мы надеемся на Ваше понимание всей серьезности ситуации и вынужденного переноса розыгрыша! (Это не инициатива гипермаркета – это требования уполномоченных органов)

***С заботой о Вас, Ваш «ULY DALA»!!!***


## ЭКОСОФИЯ

### *Байғыздың жаралуы*



Ертеде Жиделі Байсын жерінде Қоңырат деген елінде бір бай болыпты. Оның Мұратәлі деген ерке ұлы болыпты. Еркелік пен есерліктің арасы тым жақын екен, өсе келе үлкенді үлкен, кішіні кіші демей беталды сөйлейді екен. Қаралы жиында қарқылдай күліп, той-томалақты төбелессіз таратпапты. Бірде Ұмай анаға тіл тигізіпті.

–Ұмай, Ұмай дейді, Ұмайды кім десем, көп қатынның бірі екен ғой, – депті. Мұны естіген ел төмен қарап, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайды. Содан оны Ұмай ананың наласы ұрып, бір түнде жұдырықтай құсқа айналып кетіпті.

Құс жиі сұңқылдайды екен. Онысы өткен іске өкініп жылағаны деседі. Жұрт жаман тамның басында жарбиып отырған кішкентай құсты көрген сайын «Е, мынау әлгі Ұмай ананың наласына қалған құс қой, байқұс-ай», – деп мүсіркейді екен. Ол құс келе-келе байғыз атанып кетіпті.

### *Құстардың тұмсығы неге тесілген?*

Сүлеймен патшаның Зуһра атты сұлу әйелі болыпты. Бір күні ол Сүлейменге:

– Мені сүйсең, құстың сүйегінен үлкен сарай соғып бер! Сол сарайда тұрғым келеді, – деп назданады. Нақсүйерінің көңілін қимаған патша күллі құсты ордасына жинайды. Олардың аяқтарын тұсап, тұмсықтарын тесіп, сымға тізген соң:

– Бүгін түс көрдім, түсімде ғажап сарай көрдім. Жебірейіл досым:

– Бұл – «Құс сүйек» деген сарай. Кілең құс сүйегінен салынған» деді. Сол сарайға аңсарым әбден ауды. Сендердің сүйектеріңнен сондай сарай тұрғызсам деген қалауым бар, – деді. Құс біткен бас иіп:

– Патша ием, әжетіңізге жарасақ, жанымызды алыңыз, сарайыңызды салыңыз. Біздің сүйек – сіздің жолға садақа, – дейді. Сол кезде Бөдене бытпылдап:

– Арамызда байғыз жоқ, – дейді. Қараса, байғыз келмепті. Сүлеймен қаһарланып:

– Қаршыға, байғызды дереу дәргейіме жеткіз! – деп бұйырады. Қаршыға байғызды алып келеді. Патша оған:

– Шақырғанда неге келмейсің? – деп ақырады. Байғыз басын шайқап:

– Тақсыр, ой үстінде отырып, әміріңізді естімей қалдым, – дейді.

– Патшаның әмірінен күшті қандай ой?

– Дүниеде жазық көп пе, төбе көп пе, соны санап, ойланып отырғанмын?

– Әрине, жазық көп. Сол да сұрақ болып па?

– Жоқ, патшам, мен санасам дүниеде төбе көп екен.

– Қалайша төбе көп?

– Тақсыр, мен өлген адамның моласын қосып санадым. Әрбір адам өлген соң бір төбеге айналады екен, – дейді. Сүлеймен сөзден тосылып:

– Тағы не санадың? – дейді.

– Дүниеде тірі көп пе, өлі көп пе? Соны да санадым, тақсыр!

– Әрине, тірі көп!

– Жоқ, тақсыр. Қанша санасам да өліден тірінің саны аспады.

– Қалайша?

– Мен күн шыққанша ұйықтайтын адамдарды да өліге қостым, – дейді байғыз. Сүлеймен бұл жолы да сөзден тосылды:

– Тағы нең бар санаған? – дейді.

– Дүниеде еркек көп пе, әйел көп пе, соны да санадым.

– Иә, кімдер көп екен?

– Әйел көп.

– Қалайша?

– Әйелінің тілін алатын еркектерді де мен әйел санатына қостым, – дейді байғыз. Сөз төркінін түсінген патша қателігін түсініп, құстарды босатады. Осылайша байғыздың арқасында құстар аман қалыпты.

Құстардың аяғындағы тұсауды шешіп жатқанда, тірі қалғанына қуанған торғай мен ұзақ тағатсызданып ұшып кетіпті. Аяғына байланған тұсаулары толық шешілмей, олар әлі күнге дейін секеңдеп жүреді екен. Құстарды сымға тізгенде олардың тұмсығында тесік қалыпты. Байғыздың тұмсығы сымға тізілмегесін, бітеу қалпында кетіпті.

### *Өсімдіктердің түсі неге жасыл?*

Топан суына дейін жердегі өсімдіктің бәрі ақ түсті болған екен. Су толық тартылғанша, алты айдан аса мерзім өтеді. Сонша уақыт судың астында тұрғасын, шөптерге көкшіл рең әбден сіңеді. Сөйтіп өсімдіктер ақшыл түстен көк, жасыл бейнеге ауысады. Ал теңіз, мұхит түбіндегі балдыр, шырмауық, тұңғиық гүлдер бір замандағы осы шөптердің тұқымдастары екен.



**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**







## ТАНЫМ

# АФФИРМАЦИЯ АЙТАСЫЗ БА?

***Сөздік қорымызда қолданысқа енгеніне көп болмаған аффирмация ұғымын сіз де естіген боларсыз. Расында, бұл сөз әлеуметтік желінің «құлағында ойнайтын» жастар қауымына жіті таныс. Сонымен ол не нәрсе?***

Аты таңсық болғанымен, қазаққа бөтен дүние емес. Зерттеуші ғалымдар аффирмация туралы алғашқы пікірлер XIX-XX ғасырларда пайда болды, кейіннен өз тағдырын жаңа арнаға бұрып, жетістікке жеткен психолог Луиза Хейдің зерттеуімен дами түсті дейді. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөзге жан семіреді, жаман сөзге жан түршігеді» деген мақалдарды тұрмыс-тіршілігінде тұсбағардай қолданған қазақ халқы сөз қадірін өз қадіріндей ұғынған емес пе?! Адам ойы туралы асыл дініміздің қасиетті кітабында да «Аллаға және ақырет күніне сенетін адам жақсы сөз айтсын немесе үндемесін» хадистер кездесетіні жақсы сөздің қашан да жақсылыққа жетелейтінінен хабар беретіндей. Бала күніңізде үлкендерден «Жақсы сөз сөйле, сенің әр сөзіңе періште «Әумин!» деп тұрады» деген ескертуін сізде естіген боларсыз. Бұдан аффирмацияның бізге де алыс емес екенін көруге болады.

Аффирмация латын тілінен аударғанда «растау» деген мағынаны білдіреді. Шындығында үлкен жетістіктерге қол жеткізген жандардың көбісі өз ойларын дұрыстап, жақсы сөздерге құмар болған және ешқашан жақсылықтан күдер үзбеген. Аффирмацияның жүзеге асуы үшін орындалатын бірнеше шарты бар екен. Соларды сіздердің де назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Көкейіңізді кернеп, аузыңыздан шыққан аффирмацияның орындалуы үшін, ең алдымен, оған шын көңілмен сеніңіз. Миыңызға «Менің айтқандарым орындалады» деген жақсы ойды тереңінен сіңіріңіз. Сосын жұрттың айтқанын, жазғанын қайталамай өз жүрегіңіз қалаған тілекті ақтарыңыз. Көбіне I жақпен, сол арман-тілегіңіз құдды бір ақиқатқа айналып, орындалып қойғандай сенімді сөйлеңіз. Мысалы, «Мен ең әдемі қызбын», «Мен бақыттымын», «Менің қолымнан бәрі келеді», «Бүгін мол табысқа кенелемін», «Мен ақшаны магнит сияқты тартамын». Айтқан ойларыңыз тым ұзақ болмағаны абзал. Тілегіңізді қысқа да нұсқа кейіпте жеткізіңіз.

Аффирмацияны батыс елдерінің халқы жиі қолданады. Бала күнінен тұрмыстық, сексуальдық зорлық-зомбылықты басынан өткерген жазушы Луиза Хейдің өз өмірін өзгертіп, санасын қалай тазартқаны, үш ай ішінде қатерлі ісікті жеңіп шыққаны, жақсы ойлар арқылы жетістіктерге жеткені туралы баяндалатын «Өмірің өз қолыңда» кітабы әлемнің отыздан аса тіліне аударылып, 50 000 000 данамен сатылған. Міне, осы кітабында ол аты жаман ауруға шалдыққанын, медицинаның дәрменсіздігін ұғына отырып, бұрынғы күнәләрі үшін Құдайдан кешірім сұрағаны, қателіктерін түзеп, жақсы ойлар ғана ойлағаны туралы жазады. Оның осы шығармасынан кейін аффирмация кең қолданысқа енді. Аффирмация арқылы биіктерді бағындырғандар саны да көбейіпті.

Шынымен де, сөздің киесі бары рас қой. Кейде сөз бізге белгісіз әлеммен, ғарышпен тікелей байланысты деп те жатамыз. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де аффирмациядан келер айтарлықтай зиян жоғы анық. Керісінше, жақсы сөз жан жылытып, ырыс-берекеге, жақсылыққа жетелейтінін ұмытпайық.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**